

#КүшімізБірлікте

Біз ешкімге ештеңе де қарыз емеспіз. Қазақстан – егемен мемлекет. Сондықтан саясатымыз да дербес.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ТҰЛҒАТАНУ



«ҰЛЫЛАР ҮНДЕСТІГІ»

2

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



ҚАЗАҚТЫҢ БАС МЕЙРАМЫ

7

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 14 наурыздағы мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен

1 092 877

II компонентпен

1 066 184

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 14 наурыздағы мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА

I компонентпен – **9 425 219** адам,

II компонентпен **9 074 986** адам вакцина салдырды.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

15.03.2022

Түнде:



+3+5 °C

Бұлтты, кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:



+6+8 °C

Бұлтты, кей уақытта жаңбыр.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

16.03.2022

Түнде:



+1+3 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (көбінесе жаңбыр)



+6+8 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (көбінесе жаңбыр)



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №28 (6163) 15 наурыз, сейсенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

АМАЛ КЕЛДІ, ЖЫЛ КЕЛДІ

Мемлекет басшысы қазақстандықтарды Амал мерекесімен құттықтады



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарды Амал мерекесімен құттықтады, деп хабарлайды «АҚШАМ-АҚПАРАТ».

«Барша Қазақстан халқын Амал мерекесімен құттықтаймын! Ықылым заманнан бері бабаларымыз бұл күнді «Амал келді, жыл келді» деп ерекше қуанышпен қарсы алған. Дәстүр бойынша осы күні қыстан аман шыққан жұртымыз төс қағысып көріскен. Жыл мерекелі де берекелі болсын!», деп жазды Мемлекет басшысы өзінің Twitter-дегі парақшасында.

МӘЖІЛІС

ҚАҢТАР ОҚИҒАСЫНА БАҒА БЕРІЛДІ

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысында қаңтар оқиғасын тергеу барысы қаралды



ҚР Бас прокуроры Берік Асыллов баяндама жасардың алдында мәжілісмендерге тәртіпсіздіктер мен тәртіп сақшыларына жасалған шабуылдар түсірілген бейнежазбаны көрсетті.

ҚЫСҚА...

- Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли: «Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұстаздар жалақысын көбейту туралы тапсырмасы орындалды».
- Қазгидромет: «Кіші және Үлкен Алматы өзендеріндегі тау бөктерінде 15-18 наурыз аралығында қар көшкіні болуы мүмкін». Тауға шығар кезде абай болыңыздар.
- «Алматы Су» МКК: қолданыстағы сумен жабдықтау жүйесіне жаңа су құбырын қосу үшін 15-16 наурызға қараған түні сағат 00.00-ден 9.00-ге дейін Алматының Жетісу ауданында орналасқан «Айнабұлақ-1» және «Айнабұлақ-4» шағынаудандарының аумақтарындағы тұрғын үйлер мен әкімшілік ғимараттарға суық су берілмейді.
- Бүгін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен «Наурыз: дәстүр және жаңғыру» көрмесі және ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтеді.

www.almaty-akshamy.kz



4

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





М.ӘУЕЗОВ – 125

«ҰЛЫЛАР ҮНДЕСТІГІ»



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Досбол
АТАЖАН

Алматыда
А.Байтұрсынұлының
150 жылдығы мен М.Әуезовтің
125 жылдығына арналған
«Ұлылар үндестігі» атты
конференция өтті.

Кеше Халықаралық Түркі академиясы Ұлттық кітапхана қабырғасында «Ұлылар үндестігі» атты конференция өткізді. Аталған шара ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл, заңғар жазушы М.Әуезовтің туғанына 125 жыл толуына орай ұйымдастырылды.

Тарихи тұлғалардың мерейтойына бүгінгі ел зиялылары, атап айтқанда, Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, белгілі қоғам қайраткері Мұрат Әуезов, ҚР ҰҒА прези-

денті Мұрат Жұрынов, ТМУ Ақсақалдар кеңесінің мүшесі Икрам Адырбеков, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры Кенжехан Матыжанов, ҚР ҰҒА академигі Мәмбет Қойгелдиев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Смағұл Елубай және өзге де танымал ғалымдар қатысты.

Басқосуды академия басшысы Дархан Қыдырәлі жүргізді. Шара барысында алқалы қауым А.Байтұрсынұлы және М.Әуезовке қатысты естеліктермен, жаңа фактілермен бөлісіп, олардың мұрасының маңыздылығы жайлы сөз қозғады. Мұрат Әуезов «екі зиялының арасындағы үндестік кездейсоқтық емес, заңдылық» десе, Мұрат Жұрынов оларды іздеуші керектігін баса айтып өтті.

Конференция аясында Алаш қайраткерлері А.Байтұрсынұлы және М.Әуезовке арналған арнайы көрме де ұйымдастырылды. Сондай-ақ, шара барысында «Ахмет Байтұрсынұлы және Алаш»,

«Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі» жинақтарын, «Манас» монографиясының жаңа нұсқасын таныстыру рәсімі болды. «Ахмет Байтұрсынұлы және Алаш» жинағының ағылшын және чех тілдеріндегі нұсқалары Түркі академиясы мен Қазақстан Республикасының Чехиядағы елшілігімен бірлесіп жарық көргені де айтылып өтті.

«Алматы мәртебесін көтеру үшін алдағы уақытта мұндай мәдени бағыттағы жұмыстарымыз өз жалғасын таба бермек. Көпшіліктің көзайымына айналғалы отырған осы кітаптар халқымыздың асыл қазынасының қатарына қосылуын тілеймін», – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев.

Келелі басқосу кезінде Алаш мұраларын зерттеп жүрген бірқатар ғалым-қайраткерлерге Түркі академиясының арнайы марапаттары табысталды. Түркі әлемінің тарихи-мәдени байланыстарын дамытуға қосқан зор үлесі үшін академик Мәмбет Қойгелдиев академияның арнайы Алтын медалімен, белгілі әдебиетші, ғалым Кенжехан Матыжанов Түркі академиясының Күміс медалімен марапатталды.

Айта кеткен жөн, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен биыл Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойы ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтуде. Алдағы уақытта «Ұлылар үндестігі» конференциясы Баку, Будапешт, Ташкент, Ыстамбұл қалаларында жалғасын таппақ. Баку қаласында М.Әуезов туралы екі кітаптың тұсаукесері өтеді.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



2022 жылы
20 мыңға жуық
кәсіптік грант берілу
жоспарлануда.



Алматыда секциялар
мен үйірмелерді
қаржыландыруға
2022 жылы
3,2 млрд
теңге бөлінді



Өңірлік комиссиялар
қаңтардағы тәртіпсіздік
кезінде зардап шеккен
кәсіпкерлерден келген
1630 өтінімнің
1192-сін мақұлдады.



Шымбұлақта қауіпсіздік
мақсатында
35 мың
текше метрден астам
қар түсірілді.



«Алматыкітап баспасы»
үш баспаның
86 электронды
кітабын бір платформаға
жинақтады.



2022 жылдың
1 қаңтарынан бастап
мәдениет бағытындағы
арнайы мектеп
мұғалімдерінің
жалақысы
25% өсті.

БРИФИНГ

АТА-АНАЛАР ҮШІН ДЕ, БАЛАЛАР ҮШІН ДЕ ТАМАША МҮМКІНДІК

Алматыда секциялар мен үйірмелерді қаржыландыруға 2022 жылы 3,2 млрд теңге бөлінді

Дос
ОРЫНБЕКҰЛЫ

Алматының жергілікті атқарушы органдарының алдына балаларды бұқаралық спорт түрлеріне белсенді тарту, сондай-ақ тегін спорт секциялары мен үйірмелерін ашу міндеті қойылды. Мемлекет басшысы тапсырмасының қалай жүзеге асырылып жатқаны туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласы Спорт басқармасының басшысы Рүстем Байсеитов айтып берді.

Ол ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 мамырдан бастап мемлекеттік тапсы-



рыс аясында спорт секциялары мен шығармашылық үйірмелерді жан басына нормативтік қаржыландыру тетігі енгізілгенін еске салды.

Бағдарлама 4 жастан 17 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерге, оның ішінде ерекше қажеттіліктері бар балаларға 71 спорт түрінен

спорт секцияларына тегін қатысуға мүмкіндік береді.

Рүстем Байсеитовтің айтуынша, өткен жылы аталған жобаны жүзеге асыруға бюджеттен 1,2 млрд теңге бөлінді, 44 000 бала мен жасөспірім секциялар мен үйірмелерге тегін қатыса алды. Ең көп сұранысқа ие футбол, шахмат, таэквондо, дзюдо, жүзу болды.

«Биыл осы мақсаттарға 3,2 млрд теңге бағытталды. Енді балалар спортпен және шығармашылықпен айналыса алады. Бұл – ата-аналар үшін тамаша мүмкіндік, енді олар секциялар үшін ақша төлеп шығындалмайды. Біздің мәліметтеріміз бойынша, бір балаға спорт секциясына барудың орташа

күны айына 20 500 теңгені құрайды», – деді қалалық Спорт басқармасының басшысы.

Балалар үйірмелері мен спорт секцияларын жан басына қаржыландыруды іске қосу процесін автоматтандыру мақсатында Artsport.edi.kz ақпараттық жүйесі әзірленді. Бүгінде ведомствоның мәліметінше, қызмет көрсетушілерден 594 өтінім мақұлданды. Мемлекеттік спорттық тапсырысты жан басына нормативтік қаржыландыру аясында жаттығуға спорттың 37 түрі бойынша 44 000 бала кірісті.

Рүстем Байсеитов алматылықтарды осы мүмкіндікті пайдаланып, балаларды секцияға беруге шақырды.



БАЙҚАУ



Ғарыш саласы қарыштайды



Әсел
ДАҒЖАН

Алматыда ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және адамзаттың ғарышқа ұшқанына 60 жыл толуына орай «KazakhstanSmartSpace» ғарыштық техника және технологиялар бойынша халықаралық байқаудың финалы өтеді.

Мектеп, колледж оқушылары мен жоғары оқу орындарының студенттері арасындағы байқау былтыр 16 желтоқсанда басталған болатын. Шара Қазақстандағы Балалар жылы аясында өткізілуде. Финалдық тур 8–10 сәуір аралығында F.Дәукеев атындағы Алматы Энергетика және байланыс университетінде өтеді. Байқауға 7 мен 22 жас аралығындағы ҚР және әлемнің басқа елдерінің қосымша білім беру жүйелерінің мектептері мен үйірмелерінің оқушылары, колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттері өздерінің оқытушылары мен тәлімгерлерінен тұратын командалар құрамында қатыса алады.

«Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» АҚ Басқарма төрағасы Марат Нұрғожиннің айтуынша, байқауға Қа-

зақстан, Қырғызстан, Ресей және Украинаның 50-ден астам оқу орны, соның ішінде ҚР жетекші техникалық және көпсалалы жоғары оқу орындары қатысуға ниет білдірген. 15 наурызға дейін халықаралық сарапшылық кеңес байқаудың финалдық кезеңіне өткен қатысушыларды анықтап, 16–20 наурыз аралығында финалдық турға іріктеу жүргізеді.

«Біздің салаға жаңашылдық қажет. Жастар бізге жаңа идеяларды, жаңа шешімдерді, жаңалықтарды ұсына алады. Қазір ғарыш саласы 2030 жылға дейінгі даму тұжырымдамасын дайындап жатыр. Барлық жаңа технология мен идеялар осы тұжырымдамада көрініс табады. Біз нақты практикалық мақсаттарды көздеп отырмыз», – деді Марат Нұрғожин.

Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлер ірі халықаралық жарыстарға, аэроғарыш саласындағы жоғары технологиялық компанияларға экскурсияға қатысуға мүмкіндік алады.

Байқауды ҚР Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитетінің «Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» АҚ, «EurasianSpaceVentures» ЖШС және «Қазақстандық жобаларды басқару институты» ҚҚ ұйымдастыруда.

ЖАҢА ЖОБА

Пошта маркалары шығарылды



Ақтолықын
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Халықаралық Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры түркі халықтарының сан ғасырлық мәдениеті мен тарихын дәріптеу мақсатында «Үш Озан бірге» (озан – ақын-әнші) жаңа жобасын жүзеге асырып жатыр.

Жоба аясында түркі әлемінің үш ақыны – Жүніс Өміре, Ашық Алескер және Жамбыл Жабаевтың мерейтойына байланысты пошта маркалары шығарылды.

СОТ ҮКІМІ



Алматы қалалық соты баспасөз қызметінің хабарлауынша, мегаполис соттарына қаңтар оқиғасына байланысты 82 қылмыстық іс келіп түскен.

Қылмыс пен жаза



Досбол
АТАЖАН

Қалалық соттың айтуынша, келіп түскен арыздардың 41-іне қылмыстық іс бойынша үкім шығарылып, тағы 41-і тергеу сатысында. Қылмыс бойынша ең көп іс Алматы және Әуезов қылмыстық соттарына түскен.

«Келіп түскен қылмыстық істердің негізгі бөлігі ҚР ҚК 188-бабы 3-бөлігі «Тұрғын үйге, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға не көлік құралына заңсыз кіру арқылы ұрлық жасау» бойынша қаралады», – деді Алматы қалалық сотының баспасөз хатшысы Абай Жарылқасын.

Қалалық соттар күдіктілердің отбасында кәмелетке толмаған балалардың немесе бала асырауындағы қарт ата-аналардың болуын, бірінші рет қылмыс жасау фактісін және жағымды сипаттамаларын ескеріп, пробациялық бақылау орната отырып, үкім шығарды. Кінәлілердің көпшілігі 2-ден 4 жылға дейін бас бостандығын шектеуге, 100 сағаттық мәжбүрлі жұмысқа сотталды. Сонымен қатар, ұсталғандар келтірілген материалдық залалды өз еркімен өтейтіні айтылды.

Кінәлі деп танылғандардың көпшілігі жастар мен жұмыссыздар екені белгілі болды. Олар тұрмыстық техниканы, жеке заттарды, алкогольді ішімдіктерді, әртүрлі гаджеттерді қолды қылған.



Маркаларды Халықаралық Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры Әзербайжан Республикасының Цифрлық даму және көлік министрлігі жанындағы «Азәрпост» ЖШҚ-мен бірлесіп айналымға енгізді. Маркалар дизайнын әзербайжандық суретші Орхан Гараев жасаған, онда ақындардың портреттері бейнеленген.

ПОЛИЦИЯ

Алаяқ ұсталды

Туристерге жалған билеттер сатқан алматылық әйел тұтқындалды

Бұрын сотталмаған 36 жастағы әйел қылмыстық іс-әрекетпен 2020 жылдың қаңтар айынан бастап айналыса бастаған. Оның соңғы



заныс әрекеттерін құқық қорғау органдары 2021 жылдың қазан айында тіркеген.

– Тергеу барысында күдікті өзін туристік компаниялардың бірінің қызметкері ретінде таныстырып, сатып алушылардың сенімділігін пайдаланып, олардан ұшақ билетінің құнын алған және сатып алғанын растайтын жалған билет бергені анықталды. Алайда, іс жүзінде мәміле жалған болып, ешкім жолаушыға нақты билеттерді бермейді. Мұны алданған адам саяхатқа ұшақ күні тіркеу орнында рейстің жолаушылар тізімінде жоқ екенін білген кезде ғана түсінген. Жәбірленушілерден барлығы 12 арыз келіп түсті, – деді Бостандық аудандық ПБ жанындағы полиция бөлімінің бастығы Ғалымжан Қасымбаев.

Аталған қылмыстық істердің барлығы ҚР ҚК-нің 190-бабы 3-бөлігінің 4-тармағы (алаяқтық) бойынша бір тергеуге біріктірілген. Күдіктінің осыған ұқсас қылмыстарға қатысының бар-жоғы тексерілуде.

Полиция ұсталған әйелдің қылмыстық әрекеттерінен зардап шеккен адамдарды келесі нөмірлерге хабарласуға шақырады: 298-52-82, 8 (708) 806-41-57, 8 (707) 426-54-88.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

АРЫҚТАР ТАЗАЛАНАДЫ

Мегаполисте жауын-шашын суын ағызу бойынша кешенді шаралар жүргізіледі



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Міне, күн жылынып, қардың көбесі сөгілді. Бұл уақытта коммуналдық қызмет пен төтенше жағдайлар мамандарының жұмысы қыза түседі.

Қазгидрометтің болжамына көз жүгіртсек, наурыз айы жауын-шашынды болады. Тіпті, күнде жауған нөсердің соңы қарға айналып, Алматыда 22 наурыз мерекесінде қар аралас жаңбыр жауатын көрінеді.

Үздіксіз жауған нөсер, әсіресе, қалаға кейіннен қосылған елдімекен тұрғындарын алаңдататыны сөзсіз. Себебі, шеткі аудандардың көпшілігінде жол мәселесі әлі толық шешіле қойған жоқ. Жаңбыр жауса асфальт төселмеген көшелердің лай-батпаққа айналатыны айтпаса да түсінікті.

Негізінде, Алматыға кейіннен қосылған аудандар болмаса, қаланың барлық көшелері толықтай арық желілерімен қамтамасыз етілген. Алып шаһардың байырғы тұрғындары олардың сынғырлаған таза үнін жақсы көреміз дейді. Олар дәмі тіл үйірет тәтті алмалар бұрындары өзен, канал, осы арық сулары арқылы қалаға ағып келетінін тамсана отырып жні еске алады. Мұндай деректер Алматы жайында әңгіме қозғаған кітаптарда және өзге де жазбаларда аз емес. Бұл көрініс тіпті өткен ғасырдың 80-жылдарына дейін жеткен



көрінеді. Өкініштісі, бақтардың есепсіз кесілуі мен құрылыс жұмыстары кезінде өзендер мен жылғалар арнасының бітелуі салдарынан қазір оның бәрі келмеске кеткен. Десек те, Алматының арықтары туралы қызықты әңгімелерді қаланың тұрғындары жас ұрпаққа айтып беруге қашанда дайын екендіктерін айтып жатады.

2020 жылғы арық желілерін түгендеу нәтижесі Алматыда шамамен жалпы ұзындығы 1523 шақырым болатын арық жүйесі бар екенін көрсеткен. Оның 1138 шақырымы аудандық әкімдіктер еншісінде болса, 245 шақырымы ауалар аумағында орналасқан.



60 шақырымы саябақ аймақтарына тиесілі екен. Ал суару үшін 168 шақырым арық қолданылады.

Бүгінде мегаполисте арықтарды абаттандыру және жауын суын ағызу бойынша кешенді шаралар жүйелі түрде жүргізіледі. Соның бір дәлелі ретінде сенбі күнгі аудан әкімдіктерінің мердігерлік кәсіпорындары ұйымдастыруымен өткен тазалық жұмыстарын айтуға болады. Қардың жаппай еруінен қала көшелерін су басып қалу қаупінен сақтау үшін қаладағы жалпы ұзындығы 1145,7 шақырымды құрайтын арық желілері мен өткелдерді күл-қоқыстан тазартылды. Күн

сайын 60-тан астам арнайы техника мен 300 қызметкер жұмылдырылған жұмыс нәтижесінде қала сыртына 16 мың м³ қоқыс пен тұнба шығарылды.

Мамандардың айтуларынша, жаңбыр суына арналған арық жүйелерінің бетіндегі торларды қоқыс бітеп тастағаннан кейін ағын су арыққа құйылмай, тротуар үстіне жайылу деректері тіркелген. Бұған себеп, наурыз айындағы жауын-шашын салдарынан жолдың жүріс бөлігі астындағы жерасты арық өткелдері тұрмыстық қалдықтарға толып қалған.

Осыған орай, сала мамандары нөсер суларының кедергісіз өтуін қамтамасыз ету үшін қала тұрғындары мен қонақтарына арық желісіне қоқыс тастамауды сұрайды.

Естеріңізге сала кетейік, жалпы нөсер жауын кезінде су басудың алдын алу және жою мақсатында аудан әкімдіктерінде, төтенше жағдайлардың аудандық бөлімдерінде және құтқару қызметінде тәулік бойы кезекшіліктер ұйымдастырылып, қала халқының қауіпсіздігі үшін қызмет етеді.

Қардың жаппай еруінен қала көшелерін су басып қалу қаупінен сақтау үшін қаладағы жалпы ұзындығы 1145,7 шақырымды құрайтын арық желілері мен өткелдер күл-қоқыстан тазартылды.



МӘЖІЛІС

ҚАҢТАР ОҚИҒАСЫНА БАҒА БЕРІЛДІ

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысында қаңтар оқиғасын тергеу барысы қаралды

(Басы 1-бетте)

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ШАБУЫЛ

«Біз азаматтардың тергеу қаншалықты әділетті жүріп жатқанын білгісі келетінін түсінеміз. Бұл жантүршігерлік кадрлар еліміздің мұндай қатыгездікпен алғаш рет бетпе-бет келгенін анық көрсетеді. Енді сараптап, байыпты баға беруге болады», – деді ол.

Берік Асылловтың айтуынша, шеру бейбіт мақсатта басталған.

«1 қаңтардан бастап батыс облыстардың тұрғындары газ бағасын төмендетуді талап етті. Үкімет бұл талапты қанағаттандырды, бірақ халық тоқтаған жоқ. Алматы, Шымкент және басқа да облыстардың көшелеріне бірінен кейін бірі шыға бастады. Шеру бейбіт мақсатта басталса да, қауіп сағат сайын арта берді», – деді Бас прокурор.

4-5 қаңтар күндері 11 аймақта алғашқы лаңкестік шабуыл басталғаны айтылды. Бас прокурордың айтуынша, ұйымдастырушылардың жоспары болған. Іс-қимыл WhatsApp пен Telegram арқылы басқарылып отырған.

«Бір топ дүкендерді тонай бастады, ал басқа қарулы топтар әкімдіктердің, ҰҚК-нің, полицияның ғимараттарын, Президент резиденциясын, т.б. ғимараттарды басып алды. Олар қорғанысты бұзып, қоршаудан қалай өту керектігін нақты білді», – деді Берік Асыллов.

Қадағалау органының басшысы Президент резиденциясына, әкімшілікке және Алматы Полиция департаментіне шабуыл басталғанға дейін күш құрылымдарының қару қолданбағанын атап өтті.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының айтуынша, қаңтардағы оқиға толқын іспетті бірінен кейін бірі өткен.

«Бірінші – бейбіт шеру болды. Алайда, кейін шерушілер қатарында түрлі экстремистер пайда болды. Сол кезде қақтығыстар басталды. Бұл екінші толқын. Оларға радикалдар қосылды. Біз қылмыстың, экстремизмнің және радикализмнің бірігуін көріп отырмыз. Барлық әрекеттер жоспарлы түрде өтті», – деді Берік Асыллов.

Бұл әрекеттердің түпкі мақсаты, Бас прокурордың пікірінше, билікті күшпен басып алу болды.

ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА

Бас прокурор ҰҚК мемлекетке опасыздық жасау және билікті күшпен басып алу туралы 15 істі тергеп жатқанын айтты.

«Аталмыш істер бойынша Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бұрынғы басшысы К.Мәсімов пен оның үш орынбасары сот санкциясымен қамауға алынды. Бұл органың тағы екі басшысы билігін асыра пайдаланды деген күдікпен жауапқа тартылды. Айтылған істер ҰҚК-ның «өте құпия» санатына кіреді», – деді Берік Асыллов.

Бас прокурордың айтуынша, бүгінгі таңда 350 мыңнан астам тергеу жұмыстары, оның ішінде 20 мың сараптама, жауап алу және тінту шаралары жүргізілген. Сондай-ақ, 3,5 мың сот сараптамасы тағайындалған.

«Құзырлы органдармен барлығы 766 күдікті ұсталды. Олар негізінен 30 жасқа дейінгі, жұмыссыз, жоғары білімі жоқ жастар», – деп нақтылады Берік Асыллов.

Бас Прокурор ұсталғандардың ішінде: деструктивті діни ағымдардың 19 жақтаушысы, тыйым салынған экстремистік ұйымдардың 27 белсендісі, ұйымдасқан қылмыстық топтың 24 мүшесі және 113 адамның кісі өлтіру, ұрлық және тонау бойынша соттылығы бар екенін атап өтті.

– «Жабайы Арман» атанған А.Жұмагелдиев пен оның тобының 14 мүшесі қамауда. Жоғалтар ештеңесі жоқ мұндай адамдар қылмысқа оңай барады, – деді Берік Асыллов.

Оның айтуынша, Бас прокуратура барлығы 22 мыңнан астам адамның жасалған қылмысқа қатысы бар-жоғын тексерген.

ҚР Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов өз кезегінде 2019 қылмыстық іс тергеуде екенін хабарлады.

– 12 мыңнан астам азаматтан жауап алынды. 2 мыңнан астам сараптама тағайындалды. Ұрланған мүлктің көп бөлігі тәркіленді. Оның ішінде 12 автокөлік, 311 бірлік тұрмыстық техника, 188 зергерлік бұйым, 261 ұялы телефон, 16 млн теңге. Қазір сотта 229 айыпталушыға қатысты іс қаралуда. 72 адам сотталды, оның ішінде 66 адамның бас бостандығы шектелді, 5 адам бас бостандығынан айырылды. 1 адам қоғамдық жұмыстарға тартылды, – деді Ішкі істер министрі.

Мемлекет басшысы жеңілдететін жағдайларды есепке алудың маңыздылығын атап өткен соң, қамауға алынған 400-ден астам



адамның 219-ы босатылғаны да айтылды. Бұл соттылығы жоқ және залалды өз еркімен өтеген азаматтар. Оларға ешқайда кетпеу туралы қолхат жазғызып, кепіл, ұйамақ және жеке кепілгерлік шаралары қолданылды.

ҚАҢТАР ҚҰРБАНДАРЫ

Берік Асыллов қаңтар оқиғасының салдарынан 230 адам қаза тапқанын, оның 19-ы әскерилер мен қауіпсіздік қызметкерлері екенін мәлімдеді.

– Қаза болғандардың көпшілігі Алматыда – 139 адам. Қазіргі сәтте әкімшілік ғимараттарды қорғау және тәртіпті орнату барысында 86 лаңкестің көзі жойылғаны анықталды. Қайтыс болған тағы 53 адам өлімінің мән-жайы анықталуда. Олар қала аумағында түрлі жарақаттармен, оның ішінде 48-і оқтан, екеуі пышақ жарақатымен, үшеуі басқа да жарақаттар және күйіктермен табылды, – деп атап өтті Бас Прокурор.

Оның айтуынша, қалған жеті облыста әкімдік, полиция және ҰҚК департаментінің ғимараттарын қорғау кезінде тәртіп сақшылары 63 лаңкестің көзін жойған.

– Дәл қазір абайсызда оқ тиген 20 азаматтың қазасы туралы нақты ақпарат бар. Оның 11-і Алматы қаласында, сегізі Алматы облысында және біреуі Тараз қаласында. Олардың ішінде абайсызда оққа ұшқандар, лаңкестердің қолынан қаза тапқандар, тексеріс беттерінде әскерилердің талабына бағынбағандар бар, – деп түйіндеді Берік Асыллов.

АНОНИМДІЛІККЕ КЕПІЛДІК БЕРІЛЕДІ

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің басшысы Марат Ахметжанов қаңтар оқиғасы кезінде ұрланған екі мыңнан астам қарудың әлі табылмағанын айтты.

«2 мыңнан астам қару табылған жоқ. Азаматтарымызға қайталап айтып өтемін, Ішкі істер министрлігі қаруды өз еркімен тапсырған тұлғалардың әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылмайтынына заң негізінде кепілдік береді», – деді Марат Ахметжанов.

Ол министрлік жедел штабтың 10 мың қызметкері жұмылдырылған «Қару» арнайы операциясын жүргізіп жатқанын еске салды.

– Бұл шара өз жемісін беруде. Қаруды өз еркімен тапсырғандарды айтпағанда, тұрғындар ұрланған қару туралы ақпарат беріп, оларды табуға көмектесіп жатыр, – деді министр.

Оның айтуынша, Алматы облысында заңсыз қару сатқысы келген қылмыскерлерді ауыл тұрғындарының өздері ұстап, полицияға тапсырған.

– Тағы да қайталаймыз, бар ақпаратпен бізбен бөлісіңіздер, сіздерге анонимділікке кепілдік береміз, – деді Марат Ахметжанов.

ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

Қазақстан Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Роман Скляр қаңтар оқиғасы кезінде нұқсан келген нысандар қашан қалпына келтірілетінін айтты.

«Үкімет жергілікті атқарушы органдармен және ұйымдармен бірлесе отырып, тәртіпсіздік кезінде зардап шеккен мемлекеттік органдардың нысандарын қалпына келтіру және кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген залалды өтеу бойынша жұмыс жүргізуде. Қаңтар оқиғасы кезінде еліміздің 8 облысында мемлекеттік органдардың 42 ғимараты зардап шекті. Бұл – Алматы, Шымкент, Жамбыл, Қызылорда, Атырау, Ақтөбе және Шығыс Қазақстан облыстарының қалалары. Келтірілген шығынның жалпы сомасы шамамен 30 млрд теңгені құрады. Оның

ішінде 28 млрд теңге республикалық бюджеттен 18 нысанды қалпына келтіруге жұмсалды», – деді Үкімет басшысының бірінші орынбасары.

Сондай-ақ, ол бүкіл нысандарға техникалық байқау жүргізілгенін атап өтті.

«Нәтижесінде 28 ағымдағы жөндеу, сондай-ақ 14 ғимаратқа күрделі жөндеу және қайта жарақтау қажет екені анықталды. Бүгінгі таңда 21 нысанда ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталды. Наурыз айының соңына дейін 5 ғимаратқа, қалған 2 нысанға мамыр және маусым айларында жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Күрделі жөндеу және қайта жарақтауды қажет ететін 14 мемлекеттік нысан бойынша жұмыстар жүргізілуде. Кестеге сәйкес, 7 ғимарат бойынша жұмыстар наурыз айында, 5 нысан бойынша ағымдағы жылдың маусым айында аяқталады», – деді Роман Скляр.

ЕКІ ЖЫЛ ДАЙЫНДАЛҒАН

ҚР Парламенті Мәжілісінің пленарлық отырысында адвокат, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшесі Айман Омарова сөз сөйледі. Оның пікірінше, наразылықтардың нақты себептерін «экономикалық» деп атауға болмайды.

«Әсіресе, ҰҚК қызметіне назар аударғым келеді. Аталмыш қызметкерлер басқа құқық қорғау органдарына ғана емес, прокуратура мен соттардың үстінен шексіз билікке ие болды. Әйтпесе, басқа құқық қорғау органдарының қаңтар оқиғаларына қатысқандығымен келісуге тура келеді. Дайындық кем дегенде екі жыл жүргізілген, дегенмен террористік топтар мен олардың ұйымдарының болуы туралы ақпарат бұрын-соңды болмаған», – деді адвокат.

Ол көпшіліктің «мұның бәрі бейбіт митингілерден басталды» деген жалаң сөзге сенетінін атап өтті.

«Іс жүзінде бәрі бұдан бұрын басталған. Бейбіт митингілер – бұл біз өз көзімізбен көргеніміздің басы. Егер шартты түрде бөліссе, онда олар дайындық, ақпараттық соғыс және көшелердегі оқиғалардан тұрады. Оқиғаларды, БАҚ-тағы ақпаратты, бұқараны жинауды және олардың қылмыс жасауға белсенділігін, тобырды басқару технологиясын талдай отырып, жаппай тәртіпсіздіктерді кәсіби дайындалған топтар басқарды деп айтуға болады, олардың арасында тек азаматтық адамдар ғана емес, арнайы қызметкерлер де, сондай-ақ қылмыс мүшелері де бар», – деп атап өтті Айман Омарова.

Құқық қорғаушының айтуынша, «митингішлердің іс-әрекеттері мен өткізу технологиясы кеңестік жедел қызметшілерді даярлау мектебінің іс-әрекеттеріне өте ұқсас».

– Мен 5 қаңтарда Алматыда өткен митингте болып жатқан оқиғаларды өз көзіммен көрдім. Бейбіт митингке шыққандар қару-жарақпен алаңға шығып, қару-жарақ дүкендерін тонап, тек полиция қызметкерлеріне ғана емес, бейбіт тұрғындарға да оқ жаудырды дегенге сенесіз бе? Қандай мақсат үшін оларға Алматы қаласының ПД-ін қоршау керек болды? Оларға қару-жарақ не үшін керек? Түрлі өңірлердегі әкімдіктерді қандай мақсатта (бір мезгілде дерлік) басып алу керек? Неліктен олар түнде адамдарға және стратегиялық нысандарға шабуыл жасады? Неліктен Түркістан облысында ресми жұмыссыз ретінде тіркелгендер (көпшілігі базарларда жұмыс істейді) Алматыда митинг өткізді? Неліктен барлық митингіштердің (99,9%) нақты талаптары болмады? – деді Айман Омарова.

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі мүшесінің айтуынша, Алматыда митинг өткізгендердің басым бөлігін Түркістан, Алматы, Жамбыл

және басқа облыстардан келген жас жігіттер құраған. Алыс және жақын шетелдерден келген этникалық қазақтар саны өте көп.

Айман Омарова ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің батыл іс-әрекетімен дүрбеленді тоқтатып, қаңтардағы оқиғалар кезінде мемлекетті сақтап қалғанын мәлімдеді.

Құқық қорғаушының айтуынша, тәртіпсіздікті ұйымдастырушылар Мемлекет басшысына қастандық істеу мақсатында алаңға шыққан:

– Қасым-Жомарт Тоқаев билікке келіп, ҰҚСК құрылғаннан кейін басқа да саяси реформалар жүргізіле бастады. Президент адам құқықтарына ерекше назар аударды. Шексіз билікке ие болған ҰҚК кесірінен жағдай бақылаудан шыға бастады. Сондықтан да бейбіт митингіштерді өз мақсаттары үшін пайдаланған болуы керек, – деді Айман Омарова.

Адвокат бейбіт митингілердің басталуына себеп ретінде Маңғыстау облысының тұрғындары наразылыққа шығатынын болжап, газ бағасын күрт көтере бастағанын атап өтті.

– Қоғам Жаңаөзендегі оқиғалардан кейін сол өңірдегі болып жатқан митингтерге ерекше көңіл бөледі. Билікті күшпен басып алудың технологияларына назар аударылды, – деп атап өтті ҰҚСК мүшесі.

БАСҚА ТІЛДЕ СӨЙЛЕДІ

Адвокаттың айтуынша, 2019 жылдан бастап Қазақстанға Ауғанстаннан келіп, белгілі бір мәртебе алған, паспорттары қаңтар оқиғаларынан кейін жойылған, ал өздері Түркияға және Еуропаға кетіп қалған адамдар туралы ақпарат қоғамдық комиссия мүшелерінде бар.

– Қаңтар оқиғасы кезінде содырлар мен қылмыстық топтар бейбіт тұрғындарды қорқыту және зорлық-зомбылық арқылы тәртіпсіздікке жол ашты. Осылайша 2022 жылдың 5 қаңтарында Алматыда бес студентті содырлар қорқытып, жаппай тәртіпсіздікке шақырған. Ували, Амангелдиев, Жайылғанов деген үш студентке күш көрсетіліп, сол себептен үшеуі содырлардың нұсқауларын орындаған, ал біреуі қашып үлгерген. Енді біреуі қашып бара жатқан жерінде өлтірілген, – деді Айман Омарова.

ҰҚСК мүшесі бұл оқиғаның жалғыз іс еместігін айтты. Алайда, қоғамдық комиссия жетекшісі атап өткендей, құқық қорғау органдары бұл студенттердің зорлық-зомбылық экстремизмінің құрбаны болғанына қарамастан, оларды Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 227-бабының 2-тармақшасы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартады.

«Бұл студенттер өздерін мәжбүрлегендердің бетперде киіп, бір-бірімен белгісіз тілде сөйлескенін айтты. Қаңтар оқиғасына байланысты Қылмыстық кодекске өзгерістер енгізу қажет деп есептеймін. Радикализмге апаратын зорлық-зомбылық, экстремизм, терроризм сияқты ұғымдарды қосу керек. Адамдар радикализмге, терроризмге апаратын зорлық-зомбылық экстремизмнің құрбаны болған жағдайда, егер олардың әрекеттерінде басқа құқық бұзушылық болмаса, қылмыстық жауапкершіліктен босатылсын», – деді Айман Омарова.

Сондай-ақ, заңгер соңғы бес жылда шетелден келген және келетін этникалық қазақтардың қоғамға толықтай араласуы үшін көші-қон бағдарламасын әзірлеуді, сондай-ақ азаматтық алудың заңдылығын тексеруді ұсынды.

ҚАЗА ТАПҚАНДАР ТІЗІМІ

Қазақстанның Бас прокуратурасы тергеу аяқталғаннан кейін қаңтардың қайғылы оқиғалары кезінде қаза тапқандардың тізімін жариялады. Мәжілістің жалпы отырысында қаза болғандардың саны туралы тиісті мәселені депутат Снежанна Имашева көтерді. Ол қайтыс болғандардың саны мен аттарын жасыру мүмкін емес екенін атап өтті.

– Біз қаза болғандардың тізімін ресми түрде жарияламадық. Жариялау алдында қаза тапқандардың отбасы мен туыстарына ығайсыздық туғызбау жағын ойладық. Біз 230 адам қайтыс болды деп айттық, мұнда кісі өлтіру, терроризм актісі бойынша 46 қылмыстық іс бар. Осы сәттердің барлығын алдымен зерттеу керек, атап айтқанда: құқық бұзушы кім, бейбіт митинг өткізуші кім деген сияқты сұрақтардың жауабын табу керек. Тергеу барысында біз мұның бәрін анықтап, содан кейін ақпарат беруіміз керек, – деді Қазақстанның Бас прокуроры.

Дайындағандар Айжан БҮРКІТБАЕВА, Досбол АТАЖАН.



ТӨЛ МЕРЕКЕ

«Студенттер күні»

Еліміздің студенттері бұдан былай 5 қыркүйекте «Студенттер күнін» атап өтетін болады.



Рая
ЕСКЕНДІР

Бұл күнді таңдаудың да өзіндік себебі бар. Бұл – ұлт ағартушысы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Сондықтан ұлт зиялылары осы күнді «Студенттер күні» етіп бекітуді ұйғарды. Тек қана атап өтпей, дәл осы күні студенттерге атақты ғалымдар дәріс оқитын болады.

– Өз басым ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні лайықты деп есептеймін, – дейді Л.Гумилев атындағы ЕҰУ ректоры

Ерлан Сыдықов. Сондай-ақ, ректор студенттерге арналған «Тәлімгер» ұлттық бағдарламасын жасауды ұсынды.

«Аталған бағдарлама аясында көрнекті мамандар, ғалымдар және спорт шеберлерінің қатысуымен студенттерге біліктілік курстары ұйымдастырылса. Одан бөлек, студенттер ұйымдарының ребрендингі және студенттер одағын құру мәселесін қарастыру керек, – дейді ол. Сондай-ақ, жастарды қолдауға арналған түрлі жобалар қолға алынып, студенттердің өзін-өзі басқару шарасы да қайта қарастырылатын болды.

ГРАНТ

Заң жобасы қабылданды

Елімізде маңызды нормаларды көздейтін заң жобасы қабылданды. Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов халықаралық пәндік олимпиадалардың, сондай-ақ халықаралық орындаушылар конкурстары мен спорттық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне жоғары оқу орындарында тегін білім алуға гранттар берілетінін айтты.

Халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері және олардың тәлімгерлері үшін біржолғы ақшалай төлемдерді беру көзделіп отыр. Сонымен қатар, жоғары білім беруде жаңа онлайн оқыту формасы енгізілетінін мәлімдеді. Ендігі жерде ЖОО-лар оқытудың онлайн түрінде белгілі бір оқыту бағыттары бойынша кадрларды дайындайтын болды.

– Бұл – заман талабы. Бұл ретте біліктілік талаптарына сәйкес оқытудың белгілі бір бағыты бо-

йынша (прокторинг, ақпараттық жүйе, цифрлық контент, кадрлар және т.б.) жеке лицензия алу міндетті болады, – деді А.Аймағамбетов.

Сондай-ақ, Қазақстан тарихы мен дүние жүзі тарихы оқулықтары енді еліміздің барлық мектебі үшін бірыңғай және базалық болады. Яғни бір оқу бағдарламасы және бір негізгі оқулық. 2016 жылға дейін басқа пәндер бойынша оқулықтардың балама нұсқалары болатын болды.

БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ

Кәсіптік бағдар беріледі

Бұдан былай еліміздегі мектеп оқушылары, колледж түлектері арасында кәсіптік бағдар беру енгізілетін болды. Мұндай қадам ең алдымен жастардың болашақ мамандықты дұрыс таңдауына зор әсерін тигізетін болады. Бұл туралы Үкімет отырысында ҚР Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров айтты.

Халықтың табысын арттыру бағдарламасын іске асыру аясында кең ауқымды жұмыспен қамтуды дамыту арқылы халықтың табысын арттыру бағытында 41 іс-шара іске асырылады. Сонымен қатар, жаңа жұмыс орындарын құруға бағытталған іс-шаралар жастарды жұмысқа орналастыру бойынша қолға алынған «Алғашқы жұмыс орны», «Түлектерге арналған жастар практикасы» жобаларын, сондай-ақ осал топқа жататын жекелеген адамдарды жұмысқа орналастыру тетігін де іске асыруды қамтитын болады. «Мектеп оқушылары, колледж түлектері арасында кәсіптік бағдар беруді енгізу, халықты,

негізінен жастарды жаппай даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру «фабрикаларын» құру жөніндегі іс-шаралар біліктілік пен дағдыны арттыруға бағытталған», – деді Әлібек Қуантыров.

Бұған қоса, министр шағын және орта бизнесті дамытуды ынталандыру кәсіпкерлерді қолдаудың өңірлік бағдарламасы аясында кредиттер/микронесилер бойынша жергілікті бюджеттерден субсидиялар беру, моно, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендерде жеңілдікпен микрокредит беруді және жаңа кепілдік беру құралын енгізу арқылы жүзеге асырылатынын да атап айтты.

ТАРТУ

Жаңа спорт кешені ашылды

Жетісу ауданының «Кемел» ықшамауданында биылғы Балалар жылына тарту ретінде «Кемел» дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің ашылу рәсімі болды.

Ықшамаудан тұрғындары үшін жаңа кешеннің ашылуы елеулі оқиғаға айналып отыр. Орталықтан шалғай жатқан ықшамаудан тұрғындары үшін қаладағы үйірмелерге қатынау аса қиындық туғызып келгені жасырын емес. Енді қиындықтың барлығы да артта қалды. Сонымен қатар, жаңа спорт кешенінің секциялары мен үйірмелері балаларға тегін болатын болды.



Кешенде көркем гимнастика, эстетикалық топтық гимнастика, бадминтон және шығыс жекпегінің әртүрлі түрлері, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған шахмат, тоғызқұмалақ секциялары жұмыс істейді.

Ғимараттың жалпы ауданы 2500 шаршы метр аумақты алып жатыр. Жобалық қуаты – ауысымына 94 адамға дейін қызмет көрсетеді. Кешеннің құрылысы өткен жылы сәулаатты өмір салтын насихаттау және балалар мен тұрғындар арасында спортты насихаттау мақсатында қолға алынып отыр. Аталмыш жоба «Шетсіз қала» жобасы аясында басталды.

БАЛАЛАР ЖЫЛЫ

МАҚСАТ – КІТАП ОҚУҒА БАУЛУ

Елімізде оқушыларға арналған «Тұлға болам» атты кітап оқу сайысы басталды. 10 наурызда сайыстың 3 маусымына тіркелу ашылды. Ол 9 сәуірге дейін жалғасады.



Әсел
ДАҒЖАН

«Балалар жылына» орай «Шұғыла» қоры мен «Дария» дамыту орталығы ұйымдастырған «Тұлға болам» кітап оқу сайысы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында өтеді.

«Балалардың көбі гаджеттерге байланған. Ондай балаларда сабырсыздық, ойлана алмау, болашақты жоспарлай алмау мәселесі болады. Біз соның шешімі ретінде балаларды кітап оқуға баулығымыз келеді. 25 жасқа дейін баланың миында нейрон құрылады, яғни өмір бойына пайдаланатын үрдістер қалыптасады. Бірақ интернеттегі мардымсыз мағлұматтардың көптігінен баланың ойлануға қажетті процесі «ұйқыға» кетеді екен. Ойлану үрдісін іске қосу үшін бар болғаны 20 минут қажет. Бірақ әр 15 минут сайын гаджетке үнілу салдарынан ойлану процесі үзіледі. Сол себепті, ойлана алмайтын балалар саны әлем бойынша өсіп келеді. Онымен күрес үшін балаларға классик жазушылардың кітабын оқытуды таңдадық», – дейді «Шұғыла» ҚҚ қамқоршылық кеңесінің мүшесі, «Leportem» ЖШС құрылтайшысы Азат Тапишев.

Оның айтуынша, классик жазушылардың кітабын оқыған баланың ми жүйесінде ойлау нейрондары қалыптасады, оған қоса адамгершілікке, мейірбандыққа жақын болады әрі қоғамның дамуына өз үлесін қосады.



«Әдеби кітапты оқыған бала өмірде табысты болып қана қоймай, бақытты да болады екен. Абай атамыз айтқандай, жүрек ақылы бар адамдар мейірімді болады. Сондықтан біз еліміздегі балаларды кітап оқу арқылы мейірімділікке, адамгершілікке баулығымыз келеді. Дамыған АҚШ, Жапония, Оңтүстік Кореяда кітап оқуға көп мән берілген. Соның арқасында жетекші елдер қатарында. Біздің кішкентай бастамамыз ертеңгі ел экономикасының гүлденуіне себепші болады деген үміттеміз. Жобаға қатысу тегін, ешкімнің қалтасына салмақ салмайды, тек кітап оқыса болды», – деді спикер.

«Тұлға болам» кітап оқу сайысы Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы және демеушілердің қолдауымен өтеді. Сайысқа 4 оқушылар тобы және 1 ересектер тобы қатысады. Әр топтың кітабы және жүлдесі бөлек. Сайысқа қатысушылар қазақ классиктері мен әлем классиктері кітабын оқып жарысады. Қатысушылар 3 кезеңде 3 кітапты оқып бітіруге тиіс. Әр кезеңнің соңында кітап бойынша онлайн-тест өтеді. Сайыстың басты мақсаты – жастар-

дың кітап оқуға құштарлығын ояту, оқушылар арасында кітап оқу дағдысын қалыптастыру әрі жандандыру.

3 кезеңнен тұратын сайыстың бірінші және екінші маусымына 50 және 100 мың аралығында сайыскерлер тіркелген. Сайыстың басты жүлделері – Ыстамбұлға саяхат, MacBook, iPad, Apple Watch және өзге де бағалы сыйлықтар. Өткен маусымның бас жүлдегеріне Нұр-Сұлтан қаласынан 1 бөлмелі пәтер берілген болатын. Сайысқа қатысу – тегін.

«Бұған дейін екі рет дәл осындай сайыс өткіздік. Содан бері атаналардан көптеген алғыс түріндегі пікірлер келіп жатыр. Көпшілігі «бұрын баламыз смартфонда отыратын еді, сайысқа қатысқалы уақытының көп бөлігін кітап оқумен өткізеді» деп жатыр. Басында бәрі сыйлықты ұтып алсам деген мақсатпен талпынып кітап оқыған, кейін ол дағдыға айналды. Яғни кітап оқу әдетке айналған. Сайысқа қатысушыларға жас ерекшелігіне қарай кітаптар бекітіледі. Осы жолы Ұлттық кітапханамен ақылдаса отырып 5 кітапты бекіттік», – дейді шараның ұйымдастырушысы Ерболат Солтамұрат.

DIGITAL USTAZ



«Алматыкітап баспасы» елімізде алғаш рет 3 баспаның 86 электронды кітабын бір платформаға жинақтады.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Елімізде 200 мыңнан аса оқушы жүйелі түрде электронды кітаптар арқылы білім алады. Ал TopIQ.kz электронды кітаптары digital ұстаздар мен оқушылары арасында кеңінен танымал. Оқулықтарды қолдану мектеп оқушыларына қолайлы болу үшін осы жоба іске асырылды.

Бұл жоба «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде баспаның қаражат есебінен атқарылды. TopIQ.kz тұғырнамасын 2020–2022 оқу жылдары еліміздің өңірлерінде апробациялау сәтті өткізілді. Осы кезең ішінде 2 млн-нан аса қолданушы тұғырнаманы қолданған.

«Біздің тұғырнамамыз өзіне мемлекеттік білім бағдарламасы аясындағы бірегей интерактивті

ТЫҢ ЖОБА



және мультимедиялы материалдарды кіргізеді. Электронды кітаптар тек сынып қабырғасында ғана емес, оқушымен жекеше немесе топтық түрде жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Электронды кітапты қолдану икемді: экскурсияда, жолда, спорттық жиындарда оқушыға ыңғайлы және жеңіл. Сонымен қатар, TopIQ.kz тұғырнамасын кез келген уақытта, құрылғыда, қолайлы жерде қолдануға болады», – дейді «Алматыкітап баспасының» басшысы Элеонора Баталова.

Тұғырнаманың тұсаукесер рәсімін «Digital Ustaz Almaty 2021» байқауының жеңімпазы, тарих

пәнінің мұғалімі Сағынғали Қалиев атқарды.

Цифрлы педагогикамен сабақтарын өткізетін «Digital Ustaz Almaty 2021» финалистері әрі қарай үйрену үшін «Алматыкітап» кітаптар үйіне жиналып, «Teachers Lab» тұғырнамасымен танысты. Заманауи ұстаздар оқыту балаларға қызықты әрі пайдалы болу үшін әрі қарай жаңа сервистерді меңгереді.

Ендігі жерде «Технологияларды жақындатып, оқушыларға ынта беру!» ұраны алдағы уақытта Алматының әрбір мектебінде айтылады. Өйткені, «Digital Ustaz Almaty 2022» байқауы жақында басталмақ.



ҚАУЫШУ КҮНІ

Наурыздың 14-і – Қауышу (Көрісу) күні. Бұл күнді халқымыз көктемнің басы, жаңа жылдың алғашқы күні деп санайды. Негізінен Көрісу мерекесі бұған дейін Қазақстанның батыс өңіріне тән болып келген. Уикипедия – ашық энциклопедиясында тұжырымдалғандай, Көрісу (Қауышу, Амал мерекесі деп те аталады) көршілес Ресейдегі, Өзбекстандағы, Түркіменстандағы қандастарымыздың арасында сақталған ежелгі дәстүр. Бабаларымыздан қалған салт-дәстүр бойынша халқымыз дәл осы күні наурыз айы туды деп, «Көрісу» салтын бастайтын болған.



АМАЛ КЕЛДІ, ЖЫЛ КЕЛДІ

Бұл күнді халқымыз көктемнің басы, жаңа жылдың алғашқы күні деп санайды

Бұл күні адамдар ерте тұрып, елең-алаңнан жасы үлкен адамдарға сәлем береді. Ағайын-жұрт бір-біріне «Жасың құтты болсын!», «Жасыңа жас қосылып, ғұмырың ұзақ болғай!» деп тілек айтады. Көрісу күні бұрынғы өкпе-реніш кешіріліп, араздық ұмытылады, адамдар бір-бірін дастарханға шақырып, меймандардың отбасына, ағайын-туыстарына амандық-саулық, құт-береке тілейді. Бір нәрсеге ренжісіп, араласпай кеткен жандардың бір-бірінің қолын алып, өкпені ұмытатын сәті.

Көрісу – тек адамдардың бір-біріне амандасып, жақсылық тілейтін қауышу мерекесі ғана емес, сондай-ақ жасы үлкендерге ізет көрсетіп, ілтипат білдіретін дәстүрлі көрініс. Өйткені, Көрісу салты бір күннің аясымен шектеліп қалмайды, жыл бойы жалғаса береді. Әлдеқандай себептермен 14 наурыз күні болмаған немесе сырт жақта жүрген кез келген адам ауылға жолы түскен бойда қариялардың қолын алып, сәлем беруге тиіс.

Соңғы жылдары бұл тағылымдық мәні зор қауышу (көрісу) дәстүрі еліміздің өзге аймақтарына да тарай бастағаны қуантады. Жалпы, ешқандай діни, саяси астары жоқ, таза әлеуметтік, адами қарым-қатынасқа құрылған бұл тәрбиелік маңызы үлкен мерекенің ғұмыры ғасырларға жалғасып жатқаны белгілі. Маңғыстаулықтар

Көрісу күнін «Амал» мерекесі деп те атайды. «Амал» (хамал) – наурыз айының көне атауы. Кейінгі жылдары бұл мерекені олар Отпан таудың басында ұрандатып, от жағып, жалпыхалықтық дәстүрлі шараға айналдырғаны белгілі. Халық даналығында: «Ұлыс күні қазан толса, ол жылы ақ мол болар. Ұлы кісіден бата алса, сонда олжалы жол болар» деген де ғақлия бар.

– Көрісу мерекесін жалпыхалықтық шоуға, оқиғалы туризм нысанына айналдырып жіберуге болар еді. Мысалы, UNESCO-да тіркелген қазақтың материалдық емес мәдени мұраларын – киіз үйін, айтысы мен күй өнерін, асық ойыны мен қазақша күресін, құсбегілік өнерін, ұлттық дастархан мәзірін насихаттайтын ғажап шоу ұйымдастыруға болады. Яғни этностық бағыттағы фестиваль болуы керек. Меніңше, бұл шараның фишкасы, яғни басты ерекшелігі дәл осы көрісу салтының айналасында болғаны дұрыс. Осылайша фестиваль, шоу ретінде өтсе, жергілікті халық қана емес, көршілес өңірден де туристер келіп, қаражат түсер еді. Ұлттық фестиваль наурыздың 14-інде басталып, үлкен мейрам – 22 наурызға дейін созылса, әр күн әртүрлі тақырыпқа арналса. Әрине, мұндай үлкен шараны тұрақты әрі өз дейгейінде өткізіп отырса, дәстүрлі шараға айналар еді, – дейді белгілі өлкетанушы Айболат Құрымбаев.



Елдік мұрат пен ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

Қазақстандықтарды Амал мерекесімен құттықтаған ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев «Бұл күн елдің береке-бірлігін арттыратын, ізгілік пен мейірімділік сияқты игі құндылықтарды дәріптейтін жалпыұлттық мейрамға айналды», – дейді.

«Құрметті достар! Баршаңызды Амал мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Амал – жаңа жылдың жаршысы, өз-Наурыздың басы.

Бүгінде соңғы жылдарда Ұлыстың ұлы күнін дәл осы мерекеден бастап атап өтуіміз соның жарқын көрінісі. Қазіргі таңда Наурыз мейрамының мазмұнын одан әрі байыта түсуге баса мән беріліп жатқаны белгілі.

Бұл үрдістің «Жаңа Қазақстан» құру жолында да маңызы зор. Себебі, елдік мұрат пен ұлттық мүдде қашан-

да бәрінен биік тұрады. Сондықтан тарихи сананы жаңғыртуға септігін тигізетін осындай салт-дәстүріміз әрдайым айрықша мәнге ие. Шын мәнінде, бұл – қыстан аман шыққан ағайынның арқа-жарқа болып, көрісіп, күлімдесетін күні. Жанға шуақ сыйлайтын осынау мерекемен құттықтай отырып, әр шаңыраққа шаттық, амандық және бақ-береке тілеймін. Амал құтты болсын, ағайын!», – деп жазды Мәулен Әшімбаев, өзінің Facebook әлеуметтік желісіндегі парақшасында.

Расында да, бұл мерекені ұлтты ұйыстыруға, ұрпақтың бойында отан-сүйгіштік сезімді қалыптастыруға бағытталған тағылымды шараға айналдыра алсақ ұтарымыз көп.

Т.ДЕРЫСАЛИН.





ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ



ҚАЗАҚТЫҢ БАС МЕЙРАМЫ



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Орталық Азия, түркі халықтарына ортақ ұлық мейрам бар. Ол – Наурыз. Бұл – күн мен түннің теңеліп, Самарқанның көк тасы еритін шақ. Парсы тілінен тәржімалағанда, наурыз «жаңа күн» деген ұғымды береді. Ендеше, қастерлі құндылығымыздың қыр-сырын білу – бәрімізге парыз. Еліміздің батыс өңірлерінде 14 наурыздан бастап көрісу дәстүрі басталып та кетті. Осы ретте аңыз тұлға Бауыржан Момышұлының келіні, қоғам қайраткері, жазушы Зейнеп АХМЕТОВАМЕН әңгімелескен едік.



Тамыры теренде

– Зейнеп апай, өзіңізді қазақ руханиятын насихаттаушы алтын діңгек деп білеміз. Жалпы, наурыздың мән-мағынасы туралы кеңірек айтып берсеңіз?

– Ертедегі қазақтар көкек айын наурыз, жылдың басы деп есептеген. Содан мынадай өлең жолдары қалған.

Көкек келді,
Көктем келді.
Көкек келсе,
Көктем бер.
Көктем берсең,
Көпке бер, –

деген. Ал кейін келе-келе жаңағы көкек айында басталатын той наурыз, ай атына айналып кеткен. Әсілінде, көкек айы болатын. Осы айда басталатын мереке ұлыстың ұлы күні наурыз бұл – ислам дінінен де бұрын шыққан. Өте ертеден келе жатқан біздің қазақ халқының төл мерекесі саналады. Қала берді, бүкіл түркі, парсы, Үндістанның біраз бөлігі, Қап таулықтарға (кавказ), т.б. ортақ ұлы мереке деп айтуға болады. Астрономиялық есеп бойынша, сол көкек айының 21-інен 22-сіне қараған түні аспанда бір өзгеше, ерекше діріл, үнгүріл естілген екен. Бірақ қазір естілмейді. Өйткені, жер-әлемнің барлығы техниканың дыбысына бөленіп кеткен. Ал бұрын мұндай құралдар жоқ, ауа мен табиғаттың тынық кезінде естілген деседі. Соны ең алдымен қой еститін көрінеді. Қой аспанға қарап маңырап, белгі береді екен. Сонда қойшы «әз келді» дейді. Мінеки, содан барып «әз болмай, жаз болмайды, жаз болмай, маз болмайды» дейді. Былай айтқанда, наурыздың келуі әшкерелейтін, паш ететін белгі осы. Өз келгеннен кейін ғана наурыз кіреді деп есептеген. Сонымен қоса, бүкіл жан-жануар, өсімдіктерге жан кіріп, қайта түлейді. Дәл осы уақыттарда күн мен түн, ыстық пен суық, бәрі теңеледі. Астрономиялық ғылымда аспан денелері өзінің бастапқы нүктесіне оралатын көрінеді. Сол кезде тепе-теңдік, Ұлыстың ұлы күні енеді деп есептеген.

«Ұзынсарының сыбағасы»

– Бір қайран қаларымыз, халқымыз осының бәрін қалай білген?

– Біздің қазақ халқы ертеден көп тіршілігін төрт түлікпен байланыстырған. Табиғатқа өте жақын болған. Ертеден аспан әлемдерінің сырын ұғынған. Соған қарап күнтізбесін жасап алған дана халық қой. Бұған қазақтар ерте бастан қамданған. Менің есімде, шешелеріміз «ұзынсары келгенде ашамын» деп соғымнан шеке, жілік, жамбас, қазысын бөлек ықтияттап тығып жүретін. Өжелеріміз қарындағы майын, құртын, жентін, ірімшігін сақтайтын. Бала-шағасынан аулақтау жерге қоятын. Соның бәрін қастерлі күн таяғанда аша бастайтын. «Ұзынсарының сыбағасы» дейтін себебі, нағыз ұзынның жіңішкеріп, үзіліп түсер кезеңі. Мал арық. Қысқы соғым біткен. Адамдардың да өңі қуқылданып, жадыраңқы жазды аңсап, сөйтетұғын кезін «ұзынсарының шағы» деп айтады екен. Осылайша дайындықты ерте кезден қамдайды. Енді жақындаған кезде қыстауды, үйдің, қора-қопсының айнала-сының барлығын тазалап, күл-қоқыс, жарамсыз кетік ыдыс бәрін өртеп, көметінін көміп, отпен тазартады. Содан кейін үй мен қора-қопсыны адыраспан немесе аршамен түтіндеп залалсыздандырады. Адыраспанның қасиетін Ибн Сина да айтқан. Қанша түтіндетсең де көзді ашытпайтындығын бұрынғылар байқаған. Тілек тілеп жүріп, алаша, текемет, кілемдерді қағып, шаң-тозаңдарын тазартып, кір-қоңдарын жуған. Себебі, Ұлыстың ұлы күні таза жерге, таза шаңыраққа кірсе, құт-береке әкеледі деп сенген. Сондықтан халқымыз ұлысты қабылдап, күтуді осындай тазалықтан бастапты. Тағы бір ұмытпай айта кететін нәрсе бар. Айтулы уақытта көрсету үшін қыз-келіншектер неше түрлі көлөнер, біреуі сырмақ, енді біреуі түскіз сырмақ тіккен. Орқайысы жаңа бұйым жасауға тырысады екен. Одан кейін мереке келгенде жаңағы дүниелерін әдемілеп іліп қойған. Содан соң ауылдағы үлкен кісі, апа-әжелер тігілген заттарға қарап бағасын беріпті. Сөйтіп, қыз-келіншектердің көлөнерге деген ынтасын артты-



рып, солардың қол шеберлігін арттыру мақсатында, екінші жағынан, өнердің өркендеуіне осылайша үлес қосқан.

Әркімнің өз миссиясы болған

– Тағы нендей жөн-жоралғылар болған?

– Наурыз күні жақындаған кезде ер-азаматтар сақал-мұртын басып, шашын алған. Апалар балаларын жуындырып, тырнақтарын алған. Қарапайым болса да бір-бір жаңа киім кигізген. Сөйтіп, ертең наурыз деген күні Қызыр түнін күтеді. Бір жерде Қыдыр баба, екінші бір аймақта Қызыр баба деп жатады. Оны адамдарды қолдап, қорғап жүретін Жаратқанның ерекше жаратқан пендесі ретінде көрген. Осы түні оты жанып, жарығы сөнбей тұрған шаңыраққа Қызыр бабаның назары түседі, құт-берекелі болады деп ойлайды. Аталған түнді күзеткенде ұйықтайтындыр сирек болады. Үлкен кісілер өткен-кеткен тарихтан әңгіме қозғайды. Бір жылдың ішінде өмірден өткен адамдарды еске алады. Олардың істеген игі істерін тілге тиек етіп, осы күнге жеткенімізге тәубе десіп, бір-бірімен арқа-жарқа әңгімелесіп отырады. Әйелдер көжелерін бықтырып, сүтін пісіріп дайындап жатады.

– Ал осы уақытта жастар жағы не істейді?

– Жастың аты жас қой. Оттан жейде кигендей лапылдап тұрған өңкей қызуқанды жігіттер, жас қыз-келіншектер бар дегендей, олардың сауық-сайраны тіпті айрықша болады. Қыз-келіндер қарияларға «бел көтерер» дейтін дәм жасап береді. Оны майлы қазы, сөк, ірімшік, бал, мейіз, аздаған сүт қатып, келіге түйіп, әдбен мыжып жасайды. Сөйтіп, ата-әжелерден жастар бата алыпты.

Қызыр түнінде дұға-тілектер тіленген

– Қызыр түнінде қандай тілектер тілеген, қандай амалдар жасалған?

– Қыдыр түнін күткенде игі тілектер мол болған. Бастысы, жақсы ниеттерден жақсы тілектер туған. Қазақтың ырымы да, тыйымы да, барлығы тек жақсылыққа арналған. Сол түнде 7 ыдысқа дәм қояды екен. Біреуіне сүт, ендігісіне айран, таза су құйып, бидай, арпа сияқты нәрселерді салып қояды. Бұл – көктем жаудырсын, жерден өндірсін, елдің іргесіне ырыс ұяласын, айналамыз берекелі, дастарханымыз толымды болсын деген ізгі тілекпен жасалатын дүние. Сенім дегеніміз ұлы күш қой. Міне, осындай жақсылықтарға сеніп, әлгіндегідей істерді жасайды. Енді жаңағы таң рауандап атып келе жатқанда күннің қызуын көрсету үшін менің кішкене кезімде ата-аналарымыз алғашқы күннің сәулесіне маңдайымызды тосатын. Өйткені, наурыздың бірінші күнінде күннің шуағына, қызылына маңдайыңды тоссаң денің сау болады. Бойдағы әртүрлі кесір-кесапат кетеді деп ырымдайтын көрінеді. Бұл да бір



жақсылықтан туындап жатқан нәрсе еді. Наурыз кіргендегі амандасу жайшылықтағыдан бөлек болған. Біріне-бірі «ұлыс оң болсын, қайда барсаң жол болсын, жасың құтты болсын» дейді. Неге? Өйткені, адамның жасы бізде мүшелмен есептелген. Төс қағысып қауышады. Өншейінде амандаспайтын ер мен әйелдің өзі амандасып жатады.

Әрбір үйде көже пісіріледі. Ауылдың ақсақалдары кезекпен сол үйлерге кіріп шығады. Кейбіреулер ойлайды, «бір күнде бітеді» деп. Ол айға созылады. Осылай-осылай ауылдағылар кезек-кезегімен наурызкөже береді. Былай қарап тұрсаңыз, нағыз көктемнің көкезек кезінде күнде әр үйден көже ішіп, әне-міне, дегенше төрт түлік төлдеп, уызға да ауыздары жарып қалады. Өстіп біріне-бірі сүйеу-демеу болған. Осы күні көпшілігі қателесіп, қой сойып жатады. Бұл кезеңде қан шығармайды. Мылтық атылмайды. Қақпан құрмайды. Өйткені, өсетін төлге, алдағы күнге зиян тиеді деп білген. Тіпті, наурызда тырнақ кесіп, шаш алмаған. Құрылыс бастамаған. Себебі, бұл күні баршасы жаңарады деп түсінген.

Наурызкөженің өз әдісі бар

– Наурызкөже әзірлеудің өзіндік сыры бар ма?

– Наурызкөжені сүрдің сорпасына жасайды. Қазір көпшілігі жас еттің сорпасына күрішті салады да дайындай салады. Негізі, олай емес. Наурызкөжені тек қана еттің сорпасына жасайды. Оны қыстан бастап сақтайды. Мұның қазір де еш қиындығы жоқ. Бір жілікті тұздап қойсаңыз, сүрленіп тұрады. Содан кейін одан бір қазан көже жасауға болады емес пе?! Өткенде телеарналардан көзім шалып қалды. Әлгі құйрық майды пиязбен қуырып, соған су құйып, күріш салып, әжелеріміз осылай жасаған дейді. Өйтіп өтіріктен дәстүр жасаудың керегі жоқ. Білмесең үндемеген жөн. Елді шатастырып керегі жоқ.

Көжеге су мен тұздан басқа жеті түрлі дәм қосады. Әркім қолында барын салған. Бүгінде мүмкіншілік көп. Кейбіреулер көкөніс салып жүр. Ол да дұрыс. Өйткені, жерден өніп шығады. Бұрынғылар ақталып түілген бидайды сүр етке қосқан. Сондай-ақ, арпа, қарақұмық, асбұршақ, тары, т.б. осы секілділерді пайдаланған. Әйтеуір жетіге толуы керек. Дегенмен осылардың барлығын қосарлай беру міндет емес. Біреулер бидайдан жасалған көжеге кеспе салады. Оны да санға есептейді. Ол дұрыс емес. Себебі, кеспе ұннан, ұн бидайдан жасалған. Міне, осыны ескеру керек.

Тағы бір ескертін нәрсе бар. Үлкендер жағы білетін шығар. Ал жастарға айтарымыз, кез келген тағам түрін бірден сорпаға салмайды. Олай болатыны, жарылуға қиын. Алдымен бұқтырады. Бұқтыру деген не? Оны су құйып, бір қайна-тып алып, астындағы отын өшіріп, бетін жауып тастаса, судың бәрін сорып алады. Сол кезде ғана сорпаға салып қайнатса, өте дәмдірек болады. Біз баяғыда құртты езіп қата-тынбыз, қазір қатық-айранның неше түрі дайын тұр.

– Апа, өзіңіз наурызды қалай күтесіз?

– Өз басым міндетті түрде бала-шағаммен Наурыз түнін күзетемін. Шамды өшірмеймін. Түніменен жарық жанып тұрады. Дүниеден өткен-кеткен ата-бабаларымызды еске түсіреміз. Жаратқаннан жақсы тілек тілейміз. Алғашқы наурызкөжені отбасымызбен ішеміз. Содан кейін барып көрші-қолаң, туған-туыскандарды шақырамыз. Мен құрығанда скі-үш рет беремін. Өйткені, біздікі – үлкен шаңырақ. Атаның қарашаңырағы. Ол солай болуы керек деп ойлаймын. Өрине, әркім өзінің ыңғайына, жағдайына қарар. Бірақ мүмкін болғанша, отыңның басында, бала-шағаңыздың қасында, үйіңізге шаттық пен қуаныш тілеңіз. Ел-жұрт, халық аман, тыныш заман болсын!

– Әңгімеңізге рахмет!

ПАРАЛИМПИАДА

ГЕРЛИЦ – ӘМБЕБАП ЖҮЛДЕГЕР

Қытай астанасы Бейжің қаласында қысқы Паралимпиада аяқталды. Қазақстан атынан 5 спортшы сынға түсіп, жарысты жақсы нәтижемен қорытындылады. Көкшетаулық Александр Герлиц биатлоннан және шаңғымен жүгіруден бірнеше қашықтықта сынға түсіп, өте жақсы нәтиже көрсетті.



Герлиц алғаш рет 2018 жылғы Пхенчхан паралимпиадасына қатысып, еркін стильмен тік тұрып жарысу сынында төртінші орын алған еді. Бейжіңде отандасымыз осы көрсеткішін жаңартып, олимпиада жүлдегері атағына қол жеткізді. Ол 10 шақырымға тік тұрып жарысу бағдарламасында канадалық Марк Арендза мен украиналық Григорий Вовчинскийден кейін мәреге жетіп, қола жүлде жеңіп алды.

Қаһарман отандасымыз бұдан кейін 12,5 шақырымдық биатлон сынында, шаңғы спринтінде және 12 шақырымдық шаңғы жарысында үздік бестікке енді. Герлицтің зор табысы арқасында Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық 17-орынға табан тіреді. Қытай құрамасы көш бастаса, Украина және Канада құрамалары үздік үштікке енді.

– Маған бұл паралимпиада қатты ұнады. Пандемия жағдайында ұйымдастыру деңгейі өте жоғары болды. Біз келіп жеткенде аяз қысып тұр еді, қар да қозғалысқа ауыр болды. Бірақ артынша күн жылып, 8 наурыздан кейін жаңа қар жауды. Шаңғымыз жылдам сырғанап, еркін жарысуымызға мүмкіндік туды. Биатлонда тағы бір қашықтықта қолаға қолсозым жерде тұр едім. Алайда, бір нысананы дәл көздей алмай, айып минутын аркалауға тура келді. Шаңғы спринтінде бесінші орынға табан тірегеніме де көңілім толады. Өйткені, қарсыластарым өте күшті болды, – деп қорытты А.Герлиц.

БОКС



ҚОРЖЫНДА – 6 АЛТЫН

Иорданияның Амман қаласында бокстан жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионаты аяқталды. Құрлық біріншілігінің қорытындысы бойынша жасөспірімдер арасында 4 жігітіміз бен 2 қызымыз чемпион атанды.

Ерлер арасында Айдар Қадырхан, Төрехан Сабырхан, Ахмет Үсен және Санжар-Әли Бегалиев (2006-2007) алтын жүлде иеленді. Құрамамын алғашқы алтынын Айдархан Қадырхан алып келді. Ол жартылай финалда Моңғолияның жалғыз өкілін жарыс жолынан шығарса, финалда өзбекстандық қарсыласын 5:0 ұпаймен жеңді.

Келесі жүлдені Төрехан Садырхан алды. Ол былтыр да Дубайда өткен Азия чемпионатында алтын иемденген еді. Боксшымыз финалда Өзбекстаннан келген ASBC оқушылары арасындағы Азия чемпионы және ТМД жасөспірімдер арасындағы ойындарының жеңімпазы Фарух Тулағановқа қарсы шығып, чемпиондық атағын қорғады. Отандасымыз өзбекстандық спортшыны екінші раундта техникалық нокаут арқылы жеңді. Иорданияда нағыз қайсарлық танытқан жігіттеріміздің бірі – Ахмет Үсен болды. Шешуші кездесудің екінші айналымынан кейін өзбекстандық Ходжаикабар Қудратовқа қарсы есеп 19:19 болып тең тұрды. Бірақ соңғы раундта бар күш-жігерін жинаған боксшымыз қарсыласынан айлсын асырып, басым түсті.

Санжар-Әли Бегалиев құрама қоржынына төртінші алтын әкелді. Ол жарысқа дейін фаворит саналмаса да, барлық қарсыластарын іркілмей жеңіп, финалдық кездесуде ирандық Алиреза Мусавиді техникалық нокаутқа жіберді. Қазақстандық жасөспірімдер әйелдер арасында чемпионатты 2 алтынмен аяқтады – Аружан Жанғабаева мен Құралай Егінбайқызы чемпионы атанды. Жарысты 5 спортшы – Карина Тоқубай, Ұлдана Таубай, Нұрсұлу Сүйеналы, Роксолана Валиева және Шұғыла Нәлібай күміспен аяқтады. Сондай-ақ, Қазақстан құрамасы ерлер арасында 5 қола, қыздар арасында да 5 қола медаль жеңіп алды.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ



Алматыда үстел теннисінен Қазақстанның ашық командалық чемпионатының I туры мәреге жетті. Біріншілік оңтүстік астанадағы жаңа Үстел теннисі орталығында өткізілді. Суперлига және I лига командалары үш күндік сайыста жанкүйерлерге керемет дода сыйлады.

Алматыдағы үстел теннисі орталығы биыл жыл басында ашылды. Жалпы аумағы 5200 шаршы шақырым болатын орталықта теннисшілерге барлық жағдай қарастырылған. Негізгі залға орналастырылған 12 үстел саны жарыс жағдайында 27-ге дейін көтеріле алады. Тіпті, осы жолы байқағанымыздай, спортшылар бірден 32 үстелде бәсекелесуге мүмкіндік алды. Қосымша жаттығу залы тағы 7 үстелмен жабдықталған. Командалардың жаттығу жиынын еркін өткізуі үшін 78 орынды қонақүй де салынған. Бұл орталық ұлттық, жастар және жасөспірімдер құрамасының дайындық базасы ретінде де қолданыла бастады. Мұнда бапкерлер де біліктілігін арттыра алады.

Өткен жылы Қарағандыда «Сарыарқа» үстел теннисі

ФУТБОЛ

РОНАЛДУҒА ӘЛЕМДЕ МЕРГЕН ЖЕТПЕС

Ағылшын премьер-лигасының 29-турында «Манчестер Юнайтед» шабуылшысы Криштиану Роналду «Тоттенхем» қақпасына хет-трик жасады. Аса тартысты кездесуде манчестерліктер қарсыласынан 3:2 есебімен басым түсті.

Бұл – португалиялық сұрмергеннің ресми ойындарда соққан 807-добы. 692 допты ол клубтық командалар сапында 115 допты ұлттық құрамада енгізді.

Криштиану Роналду австриялық және чехиялық шабуылшы Йозеф Бицанның рекордын жаңартты. 1931–1957 жылдар аралығында 26 жыл бойы кәсіпқой футболшы болған Бицан «Рapid», «Адмира» (Вена), «Славия», «Динамо» (Прага), «Сокол» (Витковице), «Спартак» (Брно), «Искра» (Либерец) командаларының, Австрия, Чехословакия құрамаларының сапында 805 гол авторы атанды делінеді. Мұны Халықаралық футбол федерациясы (ФИФА) да, Спорт статистикасы қоры (RSSSF) да растайды. Алайда, Чехия футбол федерациясы Бицанның ресми голдарының саны 821 деп есептейді. Қалай дегенде де, Роналду ресми рекордтың мұртын бұзды, енді көп ұзатпай бейресми рекордқа түзету енгізуі мүмкін.

ГАНДБОЛ

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА БАРАМЫЗ!

Алматыда гандболдан қыздар арасындағы жастар чемпионаты аяқталды. «Достық» спорт кешенінде өткен сынға Қазақстан құрамасымен қатар Өзбекстан, Үндістан, Иран және Тайланд командалары қатысты.

Жарыс фавориті Оңтүстік Корея құрамасы да Алматыға ат басын бұруға тиіс еді. Ресей спортының әлемдік спорттан шеттетілуіне байланысты әлем чемпионатының финалдық кезеңінде босаған орынға корей қыздары қол жеткізді де, Алматы турниріне қатысушылардың жүгін жеңілдетіп бергендей болды.

Өйткені, бұл сында биылғы 22 маусым – 3 шілдеде Словенияда өтетін жастар арасындағы әлем чемпионатының екі жолдамасы сарапқа салынды. Қазақстан мен Иран әу бастан топ жаруы мүмкін командалар ретінде қарастырылғанмен, араға күтпеген жерден Үндістан киікті. Жарыстың соңғы күніне дейін турнир кестесінде іркес-тіркес үш үміткер тұрды: Иран Үндістанды жеңгенмен (42:37), Қазақстанға есе жіберді (24:30). Ал Қазақстан Үндістаннан 8 доп айырмасымен жеңілді (21:29). Сөйтіп, соңғы жарыс күнінде барлығы Қазақстан – Өзбекстан кездесуінің нәтижесіне байланысты болып қалды. Үнді қыздары соңғы турда Тайландты 41:18 есебімен жеңді де, есеп айырмасы бойынша көш басына шықты. Қазақстан Өзбекстаннан жеңілсе немесе 2-3 доп айырмасымен ғана жеңсе, екінші жолдамаға Иран ие болып кетуі ықтимал еді.

Дегенмен, Берік Бекназаров жаттықтыратын Қазақстан құрамасы қамшы салдырған жоқ. Олар өзбек қыздарынан бірінші кезеңде 7 доп айырмасымен алда тұрды да (16:9), матч соңына дейін де осы айырманы сақтады (29:22). Нәтижеде отандастарымыз екінші орын алып, әлем чемпионатына жол

орталығы пайдалануға берілді. Тараз бен Павлодарда да осындай кешеннің құрылысы аяқталды. Енді Өскемен, Шымкент, Ақтөбе және Нұр-Сұлтан қалаларындағы әлемдік барлық стандартқа сай жаңа орталықтар есігін ашады. Алдағы уақытта бұл орталықтардан мықты спортшылар түлеп ұшып, ел намысын олимпиадаларда қорғап қана қоймай, жүлдеге қол созып жатуы да әбден ықтимал. Отандасымыз Кирилл Герасименко соңғы екі олимпиадада үстел теннисінен сынға түсті, былтырғы Токио додасында Анастасия Лаврова да бақ сынады. Ал кадеттер арасында Алан Құрманғалиев Халықаралық үстел теннисі федерациясының Hopes Week бағдарламасы бойынша жылдың үздік теннисшісі атанды. Демек, алғышарттар бар, енді табыс пен нәтиже ауылы да алыс емес болар.

Алматыда өткен Қазақстанның ашық чемпионатында суперлигада елімізден – «Қазэронавигация» (Нұр-Сұлтан), «Sarkan» (Алматы облысы), «Шолактөрек» (Қостанай облысы), «Масанчи жолбарыстары» (Жамбыл облысы), «ТТ Club Karaganda-1» және «ТТ Club Karaganda-3», «Sigma» (Шымкент), «Павлодар» командалары, Өзбекстанның «Хван Ман-Гым» командасы және Қырғызстанның «Kaguen» командасы сынға түсті.

ЖАҢА ОРТАЛЫҚТАН – ОЛИМПИАДАҒА

I тур қорытындысы бойынша Алматы облысының «Sarkan» командасы топ бастады. Денис Жолудев, Алексей Жуков, Даниил Травин, Ескендір Харки сияқты шеберлерден жасақталған ұжым тоғыз ойында тоғыз жеңіске қол жеткізіп, қарсыласының барлығын тұқыртты. Екінші орында – «ТТ Club Karaganda-1» (Владислав Захаров, Бартош Сух, Эрик Райтер), үшінші орында «Хван Ман-Гым» (Исламбек Сұлтанов, Никита Панов, Шохран Ескендіров) келеді.

I лигада сынға түскен «Хван Ман-Гым-2», Қарағанды-1 ОБЖОРМ, «Ардагер» (Алматы), «Жетісу» (Алматы облысы), «Ертіс» (Павлодар), «Andijan» (Өзбекстан), «Pro100» (Алматы), «Жалын» (Шымкент), «Alga Express» (Алматы), «ТТ Club Karaganda-2» командалары арасында әндіжандықтардың жұлдызы жоғары болды. Альберт Шириев, Үміт Зокиров, Жалоллидин Журабоев, Шерзод Мамажонов, Тимур Шириев сияқты теннисшілер барлық турды жеңіспен аяқтады. Ал алматылық «Alga Express» (Айя Әлімбаева, Игорь Медведев, Глеб Горбенко, Данил Хегай) және «Ардагер» (Тимур Бейсалиев, Александр Максимов, Дмитрий Горбенко, Алексей хен, Айдын Меделхан) үздік үштікке енді. Қазақстанның ашық чемпионатының II туры жазда өткізіледі.



Криштиану Роналду «Спортинг», «Реал», «Ювентус», Манчестер Юнайтед» командаларының сапында ойнады. Португалия құрамасы сапында ол 115 гол енгізіп, құрамалар бойынша да әлемдік мергендер көшінің басында келеді. Осы 115 гол арасында Қазақстан қақпасына енгізген 3 добы да бар.



ашты. Өзбекстанмен кездесуде қапталдағы шабуылшы Жанерке Сейіткасым ерекше көзге түсті, ол пенальтилерді де сәтті орындады, ойын барысында да шабуылдарды жақсы аяқтады. 10 доп соққан Жанеркенің жеңіске үлесі өте мол болды.

Злата Звягина, Ксения Пулченкова, Елена Беренда, Кәмила Нәдірова, Жанерке Қуандыкова, Татьяна Чуйкова, Марал Ержанова, Алсина Жұмабек, Светлана Плесакевич, Әнел Әміржанова, Назым Сабыржанқызы, Луиза Олейникова, Анна Иванова, Виктория Власова, Мәдина Мырзамсейітова, Мөлдір Тәженова, Аружан Амит – міне, осы жастар енді Словениядағы әлем чемпионатында өнер көрсетеді.

Бетті дайындаған Естен САБАЛАҚ.



BUSINESS.ENBEK,KZ

ЖАС КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ГРАНТ

Жоспары бар жас кәсіпкерлер 1 сәуірден бастап Business.enbek.kz порталына мемлекеттік грант үшін өтінім бере алады.



Досбол АТАЖАН

Биыл 1 сәуірден бастап жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін қайтарымсыз гранттар алудың бірінші легіне өтінімдер қабылдау басталады. Өтінімдерді қабылдау Business.enbek.kz порталы арқылы онлайн-режимінде жүзеге асырылады. Бұл шара ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халықтың әл-ауқатын арттыру жөніндегі тапсырмасын және кәсіпкерлікті дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде орындалып жатыр. Жалпы 2019 грант, оның 1089-ы жастарға және 930-ы халықтың әлеуметтік осал топтарына беру жоспарланған.

Ағымдағы жылы өтінімдерді қабылдау 7 лек шеңберінде кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын болады. Мұндай шешім азаматтардың «Бастау Бизнес» жобасы бойынша білім алып үлгеруі үшін қабылданды.

2022 жылы барлығы 20 мың грант бөлу жоспарлануда. Соның ішінде 10 мың грант жастар мен халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан адамдар үшін (атаулы әлеуметтік көмек алушылар; көпбалалы отбасы мүшелері – көпбалалы отбасылар бойынша жәрдемақы алушы және (немесе) оның жұбайы (зайыбы); онтүстік өңірлерден солтүстікке қоныс аударушылар; қандастар; мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасы мүшелері; мүгедектігі бар адамдарға беру көзделуде.



«Порталды өтінімдер қабылдау үшін пайдалану – жұмыс процесінде үміткерлер мен көрсетілетін қызметті берушілердің физикалық байланыстарын азайтуға ғана емес, сондай-ақ іріктеу және мемлекеттік қолдау шараларын тағайындау туралы шешім қабылдау сатыларында адами фактордың әсерін азайтуға мүмкіндік береді.

Ал жеке кабинеттегі өтінімдердің мәртебесін қадағалау мүмкіндігі азаматтар үшін ашықтық пен қолжетімділікті қамтамасыз етеді», – деді ҚР Еңбек министрлігі Халықты жұмыспен қамту департаментінің директоры Руслан Тілеубаев.

Өтінім беру үшін электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, порталда тіркелу, өтініш нысанын толтыру және ЭЦҚ көмегімен қол қою қажет.

Гранттарды үміткерлердің өтініштерін қарау жөніндегі комиссияның шешімі негізінде халықты жұмыспен қамту орталықтары беретін болады. Комиссия мүшелері бизнес-жоспарды келесі критерийлер бойынша бағалайды:

- бизнес-идеяның бәсекеге қабілеттілігі;
- бизнес-жобаның қаржылық жарамдылығы;
- жеке кәсіпкерлік біліктілік;
- жаңа жұмыс орындарын құра алу.

ТҮРҒЫН ҮЙ

АҒЫЛШЫН мәдениеттанушысы Джон Рескин «Мемлекеттің бірінші міндеті – онда туған балалар ақыл тоқтатып, есейгенше жақсы баспанамен, киіммен, тамақпен қамтамасыз ету және білім беру» депті. Елімізде аталған бағыттарда оң істер атқарылуда.



БАСПАНАЛЫ БОЛЫҢЫЗ!

Биыл республика бойынша 17,1 млн шаршы метр жаңа тұрғын үй салынады. Осы орайда баспаналы болудың жолдары, бағыттары туралы «Отбасы банк» қызметкері, қаржыгер Ғалия Нәбиден білген болатынбыз.

– Ғалия Есболқызы, баспанаға қол жеткізу үшін алғашқы қадам неден басталуы қажет?

– Негізгі баспаналы болудың түрлі жолы бар. Қарапайым тілмен айтқанда, біреулер жеке өз қаражатына жер үй тұрғызады. Ендігісі банктерде қаражат жинайды. Біз қаржы саласында істеп жүргендіктен, екіншісіне басымдық береміз. Ол үшін не істеу керек деген заңды сауал туындайды. Әуелі депозит ашудан бастайсыз. Оның еш қиындығы жоқ. Бастысы, ынта болса болғаны. Ар жағы бір ғана жеке куәліктің көмегімен жүзеге асады. Ашылған есепшотыңызға ұқыпты болыңыз. Мейлінше әр ай сайын тұрақты салып жинаған жөн. Сонда бағалау көрсеткіші жоғары болады. Мұның үй алуға тигізер пайдасы бар. Осылайша мақсаттарыңызға жақындай түсесіз.

– Көбіміз үй кезегіне тіркелудің жөнін білмей жатамыз, қалай еткен дұрыс?

– Қазір ғылым мен білімнің дамыған заманы. Соның ішінде ғаламтор дәурені жүріп тұр. Барлық қызметтер оңтайландырылған. Бұрынғыдай сабылудың қажеті

шамалы. Ондайдың дәурені келмесе кетіп бара жатқандай. Әлгінде айтқанымдай, интернет көмегімен үйдің тізіміне жазылуға болады. Ол үшін Kerekte.kz сайтына өтініш беру керек. Сол жерде қажетті нұсқау көрсетілген. Сол бойынша керекті құжаттар тізімін енгізе бересіз. Аталған процестер аяқталғаннан кейін 15 күннің ішінде жауапты мамандар өтініш жолдаушының құжаттарын қарайды, содан соң жауабы келеді.

– Үстіміздегі жылы азаматтар қандай бағдарламаларға қатыса алады?

– Биыл бірқатар бағдарламалар жүзеге асырылғалы тұр. Осылардан хабардар болғыңыз келсе, сайтымыз бен ресми акпарат көздерін шолып жүрген абзал. «Алматы жастары» бағдарламасына өтініш беру басталды. «Шаңырақ» бағдарламасы да жақында ашылады. Содан кейін құжаттар қабылдау басталамақ.

Сонымен қатар, «Бақытты отбасы» деген сияқты, көпбалалы отбасыларға, мемлекеттік қызметтерде істейтіндерге байланыстылары, т.б. бар. Жоғарыда айтқанымдай, ресми акпарат көздерін шолып, тұрақты депозит жинап, мемлекеттің сыйақысын алып, өзіңіз армандаған баспанаға қол жеткізулеріңізге тілектестік білдіреміз.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Азиза АБЫЛАЙХАН.

ТОП-10

Қазір технологияның дамуына көз ілеспейді. Күнде өзгеріс, күнде жаңалық. Бүгінде смартфонды түрлі мақсатта қолданамыз. Мәселен: билеттер сатып алуға, ақша аударымдарына, жарнама беруге және қарауға, паркінкте төлем жасауға, тіпті бағытты айқындауға да қажетті, таптырмас құрал болуда. Біздер келтірген барша атрибуттар біртіндеп сандық форматқа көшуде. Бұл бір жағынан, заман талабы. Алматылықтар да өзінің диттеген мақсатына телефон қосымшаларын пайдаланып жүр. Күнделікті өмірде, қоғамдық көліктерде төлем жасаушылар, локация іздеушілер, дүкендерде онлайн сауда жасаушыларды жиі кездестіретін болдық. Осыған байланысты мобильді ТОП-10 қосымшасын ұсынамыз.



Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ

Kaspi.kz

Соңғы уақыттары халықтың ең көп қолданатын қосымшасына айналды. Бұл арқылы төлем қызметтерін онлайн жасауға мүмкіндік туды. Ешқайда бармай, үйде отырып аударымдар істей аласыз. Дәлірек, құрамына саяхат, аударымдар, төлемдер, жеке банк, науқандар, т.б. қызметтер кіреді. Қала тіршілігінде «Сізде Kaspi бар ма?» деген сауалды жиі ұшырастырып жатамыз.

Осы термин енгелі адамдар мүлдем басқа арнаға бұрылғандай. Тіпті, өздерімен бірге қолма-қол ақша ұстауды қоя бастады. Сондай-ақ, дәріханалар, сауда орталықтары, мейрамханаларда QR арқылы төлемдер жасалынатын болды.

2GIS

Бүгінде 2GIS-ті білмейтіндер некен-саяқ. Бұл сіздің сенімді серігіңізге айналды. Онлайн-навигатор, карта һәм анықтамалық. Бұнымен



ЦИФРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯ

Алматылықтар пайдаланатын 10 үздік мобильді қосымша

қаланы теңшеуге, көшелерді анықтауға, іздеген ғимарат, үй, кеңсе, спорттық нысан, керек десеңіз ескерткішке дейіп тауып ала аласыз. Сонымен бірге, А нүктесіне Б нүктесіне дейінгі бағыт айқындалады. Аталған навигатор өзі әп-сәтте қажетті жолды және автобус, троллейбус, метроны бағдарлап береді. Қазіргі уақытта алматылықтар мен қала қонақтарына таптырмас жәрдемші құрал болып тұр.

Ticketon

Тіршілік бір орында тұрмайды. ХХІ ғасырдың адамдары жаңа нәрсеге ынтық. Мейлінше уақытты үнемдеуге тырысады. Шаһарда бұрынғыдай қағаз түріндегі билетті алатындар азайды. Кассалардағы ұзын-сонар кезек ешкімге ыңғайлы емес екені анық. Барлығы электронды билеттер алуға құмар. Театр, музей, көрмелер, концерттер, т.с.с. көңіл көтеру орталықтарының жұмысы оңтайланған.

Барлық қызмет бір қосымша ішіне кіреді. Сатып алынғаннан соң электронды почтаныңа электронды билет келеді. Қажет болған жағдайда, оны қағаз нұсқада шығаруға болады.

CityBus

Алматы – 190-ға жуық автобус бағыты бар, жаяу жүргіншілерге арналған қала. Бұры-

нырақта тұрғындар қолдарына қойындәптер ұстайтын. Сөйтіп, керекті мекенжайды, оған баратын қоғамдық көлікті, бағытты жазатын. Бүгінде оның дәурені өткендей. CityBus бәрін алмастырды.

Бұл қосымшадан қоғамдық көліктің қай аялдамада, қай көшеде келе жатқанын байқай аласыз. Сол арқылы топшылап, дәл уақытында отырып кетесіз. Сонымен қоса, кез келген маршруттың қозғалысын білесіз.

Onay

Бұл бірегей транспорттық төлем жүйесі саналады. Бұған дейін электронды төлемдер термині таңсықтау еді. Содан кейін карточкалы төлем жүйесі енді. Бұны көптеген жолаушылар қолданады. Соңғы кездері телефондағы Onay қосымша шықты. Жастар жағы осыны көп тұтынады. Бар болғаны QR-ды төлем терминалына тақасаңыз, жолақыны автоматты түрді ажыратады.

eGov

eGov – электронды үкімет порталы екені белгілі. Азаматтардың барша құжаттамаларын оңай әрі тиімді жолмен алудың бірден-бір көзі. Пандемия кезінде электронды қызметке жүгінушілер қатары көбейді. Әсіресе, мүлік,

соттылығы жоқ сынды, нарко-психологиялық анықтамаларды осы жерден жүктейсіз. Ең қажетті: жеке куәлік, диплом, т.б. қолжетімді.

OLX

Қалалықтардың ең тиімді қосымшасы. Мұның атқаратын функциясы да сан түрлі. Мұнда қажеттің бәрі бар. Нақтырақ: жұмыс іздеу, тауарларды сату, сатып алу, жалдамалы пәтерлер, жер телімдері – бәрі-бәрі осында. Нағыз әмбебап қосымша.

Яндекс Go

Таксиді көшеден қол созып тоқтатуға әбден үйреніппіз. Ішіндегі жүргізушімен келісіп, барар мекенжайды анықтауды үйреніппіз. Бұл бұрынырақтағы жаппай қолданыстағы әдет болатын. Бүгінде оның орнын «Яндекс» логотипімен жүрген машиналар басты. Қалада аталған сервис сұранысқа ие және қажеттілік

Naimi.kz

Бұл тұрмыстық техникаларға тапсырыс беруге арналған. Бұдан керекті шеберлерді тез табуға болады. Сонымен қатар, келесі сервистер қолжетімді. Құрамына: құрылыс, жүк тасу, жеткізу, техникалық жөндеу жұмыстары және тағы да басқалар кіреді.

Sajda

Көпшілік орындарда кісілердің телефонынан азан дауысы естіліп жатады. Осы күні бұл мұсылмандар пайдаланатын Sajda қосымшасы екенін біліп жүрміз. Келтірілген қосымша намаз кестесін, дәл уақытын аңғартады.

Kolesa.kz

Автонарыққа қызығушылар үшін таптырмас іздеуші және жарнамалап сатуға қолайлы электронды жүйе. Онлайн-сервисте көліктің жай-күйі, ахуалы, жағдайы көрсетіледі. Көліктің мінездемесіне, суретіне қарап акпараттармен танысып шығасыз. Осыдан кейін ұнаса, келесі қадамдар жасауыңызға болады.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

КӨЗ ТИМЕСІН

немесе сүйіспеншілік,
құрмет туралы бірер сөз



Әлеу-меттік желінің құдіреті шексіз болып тұр қазір. Жан-жағыңызда, қоғамда не болып, не қойып жатқанын үйіңізден шықпай-ақ алақандай телефон бетінен түгел көріп, біліп отырасыз.

Нұржамал ӘЛІШЕВА

«Біреудің қаңсығы бізге таңсық болып» тұр

Өмір болған соң жақсылық пен жамандықтың қатар жүретіні ақиқат. Әлеужелінің бетінде де солай, жағымды жаңалықты көріп сүйсінесіз, ал көңілге кірбің түсірер оқиғаларға кәдімгідей ашу шақырып қаласыз.

Соңғы кездері ғаламтор бетінде сүйіктісіне «маған жар боласың ба?» деп ұсыныс жасайтын жігіттердің видеолары жиі тарап жүр. Жақсы ғой, әрине, қуанышыңызды көппен бөліскен. Бірақ қазақ жастары шектен шығып жүр. Қай облыста екенін ұмыттым, бір жігіт қызына өзгеше етіп ұсыныс жасайын деді ме, далада шеңбер жасап, оны айналдыра жанармай құйып, отшашу ұйымдастырамын деп, өртеніп кете жаздағаны бар. Оны да қоя берші, артына қызға ұсынатын гауһар жүзігін жасырып, тізесін бүгіп «қолын сұрайтын» бейнежазбалар да көптің сынына қалып жүр. Сонда да қоймаймыз.

Иә, «біреудің қаңсығы бізге таңсық болып» тұр әлі де. Қазақтың азаматтары жұрттың көзінше тізерлеп отырып, болашақ жарына ұсыныс жасап жүр. Ал біз ешқашан тізерлемеген, бойын тіп-тік ұстаған жаужүрек ұлттық ұрпағымыз ғой.

Тізеңнің бүгілгенін қаламаймын!

Біздің ұлттық тәрбие мүлдем бөлек, теңде жатыр. Болашақ отағасының сесі, мысы әуелден-ақ көрініп тұруы керек емес пе?! Сонда ғана оның отбасындағы орны биік болмақ. Ал жалын атқан сезімді екеуара онаша қалғанда білдіріп, үнсіз ұғынысу әлдеқайда сырлы, тәтті болмай ма?

Өз дәуірінде Ливияның бостандығы үшін күресіп, «шөл арыстаны» атанған Омар Мұхтар әйелі қайтыс болды деген хабарды естігенде еңкілдеп жылаған екен деседі. Хас батырдың мұндай сәтін ешқашан көрмеген айналасындағылар қайран қалған көрінеді. Сонда ол: «Қаншама қан жорықтан жеңіс туын желбіретіп келсем де, арып-ашып жеңіліспен келсем де, әйелім босағада иіліп, есік пердесін қолымен көтеріп тұрушы еді. Азаматымның басы мына дүниеде ешкімге иілмей, тізесі бүгілмей өткенін қалаймын дейтін», – деп жылаған екен. Сол секілді, жігітіне: «Сезімнің мөлдірлігіне сенемін, бірақ мен сенің басыңның иілгенін, тізеңнің бүгілгенін қаламаймын!», – дейтін арулар көп болса, отбасының да, Отанның да іргесі берік болатыны ақиқат.

Өз құрметін мен махаббатыңды іс-әрекетіңмен көрсет

Арулар демекші, былтырлары бір қазақ келіншектің ерінің аяғын жуып, оның тырнағын алып отырған видеосы әлеуметтік желіге тарағаны бар. Әйел бұл әрекетін «күйеуімнің тырнақтары ыңғайсыз өседі, сондықтан өзі ала алмайды, әрі бұл менің ер-азаматыма деген құрметім» деп түсіндіргені бар. Ал тәмам жұрттың алдында тырнақ алып отыру этикаға жата ма? Тағы да айтамыз, мұндай қатынастар екеуара, құпия болатын дүние.


Иә, біз понт жасауға құмар болып кеттік. Жуырда бір мейрамханада өтіп жатқан тойда жігіт анасының аяғынан сүйіп жатыр. Алайда, жазба астында жігітті сынап, жағымсыз пікір жазғандар көп болды. «Осындай қойылымдар қашан аяқталады?», «Аяқ сүю сәнге айналған ба? Үйде сүйі. Мұны көпке көрсетудің не керекі бар? Өз құрметін мен махаббатыңды іс-әрекетіңмен көрсет», «Неге тек бір күн, той кезінде ғана сүйеді, маскарад», «Әлеуметтік желіде емес, үйде сүю керек. Көзбояшылық, басқа ештеңе емес» деген пікірлер жазылған.

«Жұмақ анаңның табанының астында»

Анасының аяғын жуып отырған сәтін видеоға түсіріп, әлеуметтік желіге салып жарысқан жігіттердің челленджін де көргенбіз. Оған қатысқан қазақ азаматтары «Жұмақ анаңның табанының астында» дегенді көрсеткісі келіпті. Біз бұл хадисті тар шеңберде емес, кең мағынасында түсінуіміз керек шығар. Ғалымдар оның мәнін «анаға деген құрметін шексіз болғай, ананың алдында барынша кішіпейіл болғын, оны ренжітпей, ризалығын алғын» деген мағынада түсіндіреді. Ал біз діни буквализмге, фанатизмге ұрына бастаған жоқпыз ба осы? Ата-ананы құрметтеу әрбір пенденің жалпақ жұртқа жарияламай-ақ, жүрегімен атқаратын күнделікті міндеті, парызы емес пе?! Әрине, бізді тар құрсағында тоғыз ай, тоғыз күн көтеріп, алпыс екі тамырын идіріп, жарық дүниеге қиналып әкелген аналарымыздың аяғын жуып, тырнағын алып беріп, аяғын сүйгенде мол сауап аламыз. Бірақ халық алдында оны жария ету қаншалықты дұрыс? Егер ондай сәтті бөгде біреу тосыннан түсіріп алып, оны перзенттің анасына деген құрметіне ризашылығы ретінде жариялаған болса, онда оның құндылығы шынымен артар ма еді.

Әр пенде жүрегіне аялап ұстайтын сүйіспеншілігін сыртқа жария етпегені абзал. Себебі, бақыт тыныштықты сүйеді. Бақытымызға көз тимесінші!

ӘДЕП ПЕН ӘДЕТ



Автобуста. Қарсы орындықта отырған жолаушы әйел аузын кере ашып есінеді. Ұйқысы қанбаған ғой дейін десең, таңғы уақыт емес, кешке жұмыстан қайтып келеміз. Оны көріп отырған мен де еріксіз есінедім. Қызығы сол, әлгі әйелдің жанында, маған қарама-қарсы отырған бозбала да есінеді. Бәрімізге таныс жағдай, иә? Сонда есінеу де вирус секілді адамнан адамға жұға ма? Осының және өзге де сырын іздеп көрдік.

Есінеу де «жұғады»

Адам есінеген кезде, ұйқысы келіп тұр деп ойлап, тек ұйқымен байланыстыратынымыз дұрыс емес екен. Сөйтсек, ол бас қызып кеткен кезде мидың температура-сын салқындату үшін жасалатын рефлекс дейді мамандар. Ғылым тілімен айтқанда, есінеу – организмнің қандағы көмір қышқыл газының мөлшері көбейіп кеткенде, органдарды оттегімен қамтамасыз етуге бағытталған рефлекторлық реакциясы. Ал «Есінеп тұрған адамды көрген немесе есінеу туралы мақаланы оқып отырған адам да неліктен есіней жөнеледі?» деген сауалға жауап ми қыртысында жатыр екен. Сіз қазір есінеп жатырсыз ба? Ми қыртысында орналасқан айна нейрондарыңыз жұмыс іске қосылады. Олар эмпатияға жауапты және эмоционалды деңгейде жұқпалы есінеуді тудырады. Демек, есінеудің жұққыштығы мимикалық процесс екен. Мұның сырын зерттеген мамандар жүзу рефлексіне ұшырайтындар басқалар жайлы көп ойлайтын, уайымшыл жандар екенін анықтаған.

Адам шаршағанда (жүрек, қан тамыр жүйелері қызметінің бұзылуынан), ұйқысы қанбағанда, көңілсіздік басқанда, түн ортасына дейін жұмыс істегенде, ауасы тазартылмаған, темекі түтініне тұншыққан бөлмеде бір орыннан қозғалмай ұзақ отырып жұмыс істегенде (бұлшық еттердің босануынан) есінейді. Сондай-ақ, бойы тоңса да есіней береді. Демек, дене қуаты әлсіз, ұйқысы шала, тұрмысы ретсіз, қимыл-әрекеті аз, жалқау адамдар көп есінейді. Ал оған керісінше, рухы сергек, дене қуаты мығым,

күнделікті өмір ырғағы қалыпты, жігерлі адамдар көп есінемейді.

Күйзелісте жүрген адам да жиі есіней береді. Ал күйзеліс жүрек ауруына шалдықтырады. Адам склерозға шалдыққанда да есіней беруі мүмкін екен.

Бауыры ауыратын адамдар да ылғи есінеп жүретін көрінеді.

Ал балалар есінеуді ана құрсағында жатқанда-ақ бастайды екен. Мұны дәрігерлер жүктіліктің 11-12-ші аптасында-ақ УЗИ арқылы көре алады. Шарананың іште жатып-ақ есінеуі – оның өкпесінің қалыпты дамуының көрсеткіші. Егер ата-ана бесіктегі бөбегінің жиі есінейтінін байқаса, бұған назар аударғаны абзал. Мүмкін сәбиге оттегі жеткіліксіз және таза ауада серуендеу уақытын ұзарту қажет шығар.

Сөз сонын табиғи есінеудің пайдасымен түйіндесек. Есінеу кезінде таза ауа денені оттегімен қанықтырады. Мидың қанмен қамтамасыз етілуі жақсарайды, метаболикалық процестер жеделдейді, жұмыс қабілеті қалпына келеді. Көздің шаршауы басылады, яғни есінегенде кернеуді қабылдайтын жақ бұлшықеттері көру жүйкелерімен тікелей байланысты. Есінеу қанды оттегімен байыту арқылы бет терісін жасартады.

Дегенмен, пайдалы екен деп, есінеген кезде қарсы отырған адамға қарай аузымызды апандай ашып қойып есінеу әдепсіздікке жататынын да ұмытпайық. Ал есінеу қысып бара жатса, аузымызды алақанымызбен ақырын көлегейлей қойсақ жетіп жатыр.

Нұр ЖАМАЛ.

ЖҰМЫССЫЗДАР ҚАПЕРІНЕ!



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«ForteBank» АҚ-ға:

- клиенттерге қызмет көрсету бойынша есеп менеджері;
 - кассир керек.
- Тел.: 8 777 457 98 91.

«Гелиос» ЖШС-ға:

- АЗС шағын-мартына менеджері;
 - АЗС операторлары;
 - кассирлер керек.
- Тел.: 258-14-10.

«Magnum Cash&Carry» ірі сауда желісіне:

- сатушылар;
 - кассирлер;
 - жүк тиеушілер;
 - тазалықшылар;
 - күзетшілер керек.
- Тел.: 8 707 688 98 91.

«JLC Group»:

- жүргізуші-экспедиторлар;
 - жүк тиеушілер;
 - сатушы-кассирлер іздейді.
- Тел.: 8 747 647 45 29.

«Disay group» ЖШС-ға:

- сату жөніндегі менеджер;
 - участок мастері;
 - агроном керек.
- Тел.: 8 705 103 24 44.

«GIPPO» ЖШС-ға:

- сарапшы;
 - маркетинг;
 - жүк тиеуші;
 - асүй жұмысшылары керек.
- Тел.: 8 771 718 50 72.

«АНН SALE TRADE» ЖШС-ға:

- сатушы-кассирлер;
 - қойма менеджері;
 - жүк тиеушілер;
 - қоймашы;
 - күзетшілер керек.
- Тел.: 8 700 997 59 56.

«Нәзік» ЖШС-ға:

- сатушылар;
 - кассирлер;
 - наубайшы;
 - аспаздар;
 - кондитерлер;
 - әкімшілер;
 - жүк тиеуші;
 - тазалықшылар қажет.
- Тел.: 233-18-00, 8 705 410 25 31.

Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтына:

- психолог керек.
- Тел.: 8 707 716 88 87.

«КЕЛЕТ» АҚ-ға:

- офис-менеджер;
 - сату жөніндегі менеджер;
 - инженер-конструктор (машина жасау);
 - электронщик қажет.
- Тел.: 8 771 719 50 90.

№116 бөбекжай-балабақшасына:

- тәрбиешілер;
 - тәрбиешінің көмекшісі;
 - тазалықшылар керек.
- Тел.: 8 702 215 02 71.



ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА! ●

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY»
жарияланымдары мектептерде,
колледждер мен университеттерде
оқылады, әлеуметтік желілерде
зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –
алматылықтардың да, еліміздің
барлық дерлік өңірлеріндегі
оқырмандарымыздың да асыға
күтетін, сүйіп оқитын басылымы!
Қазақ сөз өнері мен журналисти-
касының дәстүрлі мектебі!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде
Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің
өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 9 айға – 5404,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 9 айға – 14584,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 9 айға – 3964,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

● КОНКУРС

«Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік білім беру ұйымдарының (колледж) басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

1. Алматы қаласы Білім басқармасының «Алматы телекоммуникация және машина жасау колледжі» КМҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Түрксіб ауданы, Заветная көшесі, 41-үй.

Лауазымды жалақысы еңбек өтіліне байланысты – 101 403 теңгеден 122 994 теңгеге дейін.

Қызмет түрі: Кәсіптік-техникалық білім беру. 2008 жылдан бері жұмыс істейді.

2. Алматы қаласы Білім басқармасының «Алматы көпсалалы колледжі» КМҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, Жандо-сов көшесі, 63-үй.

Лауазымды жалақысы еңбек өтіліне байланысты – 101 403 теңгеден 122 994 теңгеге дейін.

Қызмет түрі: Кәсіптік-техникалық білім беру. 2008 жылдан бері жұмыс істейді.

Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары: +7 701 670 74 97. Электрон-дық адрес: 8063807@mail.ru.

Толық ақпаратты: www.almaty-akshamy.kz сайтынан алуға болады.

● ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280, «Almaty Towers» БО мекенжайында орналасқан «ҚазТрансГаз Ай-мақ» АҚ Алматы өндірістік филиалы, 2021 жыл үшін тұ-тынушылар мен басқа да мүдделі тұлғаларға газ тарату жүйелері арқылы тауарлық газды тасымалдау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша бекітілген тар-ифтік сметаны, бекітілген инвестициялық бағдарламаны орындау, табиғи монополия субъектілері қызметінің тиімді көрсеткіштеріне қол жеткізу, реттеліп көрсетілетін қыз-меттердің сенімділігі мен көрсеткіштер сапасын сақтау туралы жыл сайынғы есеп беру тыңдалымы 2022 жылдың 27 сәуірінде Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280, «Almaty Towers» БО, 15-қабаттағы конференц залда жергілікті уақытымен сағат 12.00-де өткізілетіні туралы хабарлайды.

● ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алма-ты қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Пав-лодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

**«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып,
қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

**«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.**

«Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік білім беру ұйымдарының (мектептер) басшыларының бос лауа-зымдық орындарына конкурс жариялайды:

1. Алматы қаласы Білім басқармасының «М.Хамраев атындағы №150 жал-пы білім беретін мектеп» КММ басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Алатау ауданы, «Шапағат» ықшамауданы, Биянху көшесі, 87-үй. Лауазымды жалақысы еңбек өтіліне байланысты – 101 403 теңгеден 122 994 теңгеге дейін. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру. 1996 жылдан бері жұмыс істейді.

2. Алматы қаласы Білім басқармасының «№18 гимназия» КММ басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Радостовец көшесі, 38-үй. Лауа-зымды жалақысы еңбек өтіліне байланысты – 101 403 теңгеден 122 994 теңгеге дейін. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру. 1999 жылдан бері жұмыс істейді.

3. Алматы қаласы Білім басқармасының «М.Дулатов атындағы №136 мек-теп-гимназия» КММ басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Байзақов көшесі, 130-үй. Лауазымды жалақысы еңбек өтіліне байланысты – 101 403 теңгеден 122 994 теңгеге дейін. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру. 1996 жылдан бері жұмыс істейді.

4. Алматы қаласы Білім басқармасының «№5 мектеп-гимназия» КММ бас-шысы.

Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Өуезов ауданы, 9 ықшамауданы, 16-үй. Лауазымды жалақысы еңбек өтіліне байланысты – 101 403 теңгеден 122 994 теңгеге дейін. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру. 1996 жылдан бері жұмыс істейді.

5. Алматы қаласы Білім басқармасының «№116 жалпы білім беретін мек-теп» КММ басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Өуезов ауданы, 8 ықша-мауданы, 46-үй. Лауазымды жалақысы еңбек өтіліне байланысты – 101 403 теңгеден 122 994 теңгеге дейін. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру. 1999 жылдан бері жұмыс істейді.

6. Алматы қаласы Білім басқармасының «№119 мектеп-лицей» КММ бас-шысы.

Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Өуезов ауданы, 9 ықшамауданы, 45-үй. Лауазымды жалақысы еңбек өтіліне байланысты – 101 403 теңгеден 122 994 теңгеге дейін. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру. 1996 жылдан бері жұмыс істейді.

7. Алматы қаласы Білім басқармасының «Жаңа Ғасыр» №175 гимназия» КММ басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Өуезов ауданы, «Таугүл-3» ықшамауданы, Шаймерденов көшесі, 21-үй. Лауазымды жалақысы еңбек өтіліне байланысты – 101 403 теңгеден 122 994 теңгеге дейін. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру. 2006 жылдан бері жұмыс істейді.

8. Алматы қаласы Білім басқармасының «№45 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Орбита-3» ықшамауданы, 55-үй. Лауазымды жалақысы еңбек өтіліне байланысты – 101 403 теңгеден 122 994 теңгеге дейін. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру. 1999 жылдан бері жұмыс істейді.

9. Алматы қаласы Білім басқармасының «Махатма Ганди атындағы дарын-ды балаларға арналған №92 мамандандырылған мектеп-лицей» КММ басшы-сы.

Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Панфилов көшесі, 205-үй. Лауазымды жалақысы еңбек өтіліне байланысты – 101 403 теңгеден 122 994 теңгеге дейін. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру. 1999 жылдан бері жұмыс істейді.

10. Алматы қаласы Білім басқармасының «№183 жалпы білім беретін мек-теп» КММ басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Ер-менсай» шағынауданы, 73-үй. Лауазымды жалақысы еңбек өтіліне байланысты – 101 403 теңгеден 122 994 теңгеге дейін. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру. 2006 жылдан бері жұмыс істейді.

11. Алматы қаласы Білім басқармасының «Шәкәрім Құдайбердіұлы атын-дағы №190 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Нұрлытау» ықшамауданы, 49-үй. Лауазымды жалақысы еңбек өтіліне байланысты – 101 403 теңгеден 122 994 теңгеге дейін. Қыз-мет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру. 1997 жылдан бері жұмыс істейді.

12. Алматы қаласы Білім басқармасының «№193 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, «Кемел» ықшамауданы, 54-үй. Лауазымды жалақысы еңбек өтіліне байланысты – 101 403 теңгеден 122 994 теңгеге дейін. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру. 1996 жылдан бері жұмыс істейді.

13. Алматы қаласы Білім басқармасының «№11 жалпы білім беретін мек-теп» КММ басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Волгог-радская көшесі, 22-үй. Лауазымды жалақысы еңбек өтіліне байланысты – 101 403 теңгеден 122 994 теңгеге дейін. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру. 1996 жылдан бері жұмыс істейді.

14. Алматы қаласы Білім басқармасының «№31 жалпы білім беретін мек-теп» КММ басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Гете кө-шесі, 261/26-үй. Лауазымды жалақысы еңбек өтіліне байланысты – 101 403 теңгеден 122 994 теңгеге дейін. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру. 1996 жылдан бері жұмыс істейді.

15. Алматы қаласы Білім басқармасының «№142 жалпы білім беретін мек-теп» КММ басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, «Жұл-дыз-1» ықшамауданы, 20-үй. Лауазымды жалақысы еңбек өтіліне байланысты – 101 403 теңгеден 122 994 теңгеге дейін. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру. 1996 жылдан бері жұмыс істейді.

Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжай-лары: +7 701 670 74 97. Электрондық адрес: 8063807@mail.ru.

Толық ақпаратты: www.almaty-akshamy.kz сайтынан алуға болады.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефон-
дары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қо-
ғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPU00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдір-
мейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табак.



ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ



Бетперде тағу міндетті емес

ҚАЗАҚСТАН тұрғындары енді далада бетперде тағуға міндетті емес. Коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында осындай шешім қабылданды. Еліміздегі эпидемиологиялық жағдайдың тұрақталуына байланысты тағы бірқатар шектеу алынды. «Сары» және «жасыл» аймақтарда Ashyq қосымшасы міндеттелмейді. Сондай-ақ, әлеуметтік арақашықтық сақтау талаптары да алынып тасталды. Вакцина алмаған қызметкерлердің жұмысына шектеу қойылмайды. Ал вахталық әдіс бойынша жұмыс істейтін қызметкерлер енді ПТР-сынама тапсырмайтын болды.

ҚЫТАЙ елінде вирус қайта бас көтерді. Кейінгі тәулікте 3 мыңнан аса адамнан ковид анықталып, бұл көрсеткіш антирекорд ретінде тіркелді. Бүгінде ең көп науқас тіркелген Цилинь провинциясында қатаң локдаун жарияланған. Бейжіңде де ахуал күрделі. Вирус дес бермей тұрған өңір тұрғындарына Бейжіңге кіруге рұқсат жоқ. Өзге аймақтағылар қалаға кірмей тұрып, 48 сағат бұрын ПТР-тест тапсыру керек.

ОҚТУСТІК КОРЕЯ жерінде де КВИ өршіп барады. Кейінгі күндері бір тәулікте 350 мың адам ковид жұқтырған. Елдегі эпидемиалдың бұлайша нашарлауын мамандар жедел тарайтын «омикронмен» байланыстырып отыр. Дегенмен, жергілікті билік шектеу шараларын біртіндеп жеңілдетіп жатқан көрінеді. Мәселен, қоғамдық орындарға кірерде QR-код талап етілмейді. Ал вакцина салдырғандар елге кіргенде, карантиннен босатылады.

ПАНДЕМИЯ басталғалы бері әлем бойынша ковид жұқтырғандар саны осы наурызда 453 млн-нан асқан. ДДСҰ мәліметі бойынша, екі жыл ішінде 6,03 млн. адам қайтыс болған. Вирусты жұқтырғандар саны бойынша АҚШ көш бастап тұр. 2-орында – Үндістан, ал 3-орында Бразилия тұр. Коронавирустан ең көп қайтыс болғандар саны жағынан да жоғарыда аталған үш мемлекет алдыңғы қатарда.

Әзірлеген
Нұр ЖАМАЛ.

ІЗЕТ

Ерекше тарту

Қазақ өнерінің ақ маңдайлы жұлдызы Роза Бағланованың 100 жылдығына арналған «Айналайын халқымнан, еркелеткен!» атты мерекелік концертте Тамара Асар бұлбұл әншінің образында сахнаға шығып, өнер көрсетті.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Бұл туралы жаңалығымен ол өзінің Instagram парақшасында бөлісті. Мерекелік шара кезіндегі видеолардан Роза Бағланованың ұлы мен келіні Тамара Асарға ерекше сыйлық тарту еткенін байқауға болады. Олар марқұм анасының сырғасының репликасын отандық танымал әншіге ырымдап тағуды жөн көрген екен. Тамара Асар күтпеген жерден осындай бағалы сыйлыққа ие болғанын айтып, Роза Тәжібайқызының балаларына жүрекжарды алғысын білдірді.

«Бүгін Роза апамыздың образын сахнаға алып шықтым. Асылдың сынығы – ұлы мен келіні, апамның өмір бойы таққан сырғасының қайта өңделіп, табиғи тастармен көмкерілген репли-



касын сахнаға шығар алдында құлағыма тақты. Алла сыйласын сіздерді, шабытты шарықтаттыңыздар. Сабақты ине сәтімен, менің көптен көздеп жүрген образым, Роза апамыздың дәл осы костюмдегі фотосын Марал тауып беріп, дизайнер екеуіміз түнімен, күнімен ақылдасып, бір апта ішінде тігіп, сахнаға киіп шықтым. Роза апаның образын жасау – үлкен мәртебелі еңбек», – деп жазды ол парақшасында.

ЖАҢА КІТАП

Қаладағы Жамбыл атындағы мемлекеттік жасөспірімдер кітапханасында «Балуан тас. Балуандар мен күрес өнеріне байланысты аңыз-әфсаналар, қисса-дастандар, ел аузындағы әңгімелер (тарихи деректер)» атты 2 томдық кітап көпшілікке таныстырылды.



Балуандықтың қыр-сыры



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Кітаптың авторы – мәдениеттанушы-лингвист Абылайхан Қалназаров. Жинаққа қазақ халқының көне түркі-ислам дәуірінен бері өмір сүрген палуандары мен күрес өнері туралы аңыз-әфсаналар, қисса-дастандар, ел аузындағы әңгімелер, кейбір жекелеген тарихи деректер енгізілген.

«Қазақтың баяғы батырлары жекпе-жек өнерінің барлық қырын жетік меңгерген. Найзагерлік, қылыштасу, қамшыгерлік, жұдырықтасу, аударыспақ, көкпар, балуан күрес. Мұндай қасиеттер адамға жәйдан-жәй қона салмайды. Атадан балаға мұра болып, ұрпақ алмасқан сайын үздіксіз жетіліп, ұиталып отырады», – деді Абылайхан Қалназаров оқырмандармен кездесуде.

Іс-шараға алматылық кітапсүйер қауым мен зиялылар, ақын-жазушылар және БАҚ өкілдері қатысты.

ЫНТЫМАҚ

«Қожа» шет елде болды

Мажарстанның астанасы Будапеште Қазақстан студенттерінің мұрындық болуымен «Менің атым Қожа» фильмі көрсетілді.



Қазақша киноны тамашалауға келген осы елдегі қазақ студенттері мен қазақ диаспорасының өкілдері картинаның арқасында бір-бірімен танысып, білісіп, шүйірлесіп, елге деген сағыныштарын басты десек те болады.

Қазақстанның Мажарстандағы елшілігі өкілдерінің мәліметіне сүйенсек, еліміздің 800-ге жуық азаматы Венгрияның үздік деген жоғары оқу орынында білімін жетілдіріп жатыр. Отаннан жырақта, шет елде жүргендіктен, әрине, олар ұйымшыл, жиі бас қосып тұратын көрінеді. Әсіресе, өзіміздің қазақ тілінде ұйымдастырылатын мәдени-рухани іс-шараларға асыға жетеді.

«Менің атым Қожа» – бірнеше ұрпақ жалықпай, қызыға көріп келе жатқан өміршең картина. Сотқар Қожа мен ондағы жас кейіпкерлерден әркім өзін көре алады. Сол арқылы балалық шаққа саяхат жасайды. Шетте жүрген қазақ жастарының басын қосқан Қожа оларға бір сәт елдің сәлемін осылайша жеткізгендей.

Нұр ЖАМАЛ.

ГАСТРОЛЬ

«FORTE TRIO» қазақстандық ансамблі Италияның тарихи сахналарында өнер көрсетуде.



Гүлжанат
МАРАТҚЫЗЫ

«FORTE TRIO» – Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» ұйымына қарасты музыкалық ұжым. Ансамбль 12 наурыз күні 1784 жылы құрылған Луиджи Керубини атындағы Флоренция консерваториясында өнер көрсетті. Бұл – Италиядағы ірі консерваториялардың бірі, оның кітапханасында мыңжылдық тарихы бар көне ноталық қолжазбалар сақталған. Өнер ордасындағы музейден Страдивари мен фортепиано аспабын ойлап тапқан өнер иесі Бартоломео Кристофоридің құнды музыкалық аспаптарын көруге болады. 13 наурызда трионын концертті Форли қаласындағы «Делла Скрана» тарихи музыкалық қоғамының «Аврора» атты залында өтті. Қазақстандық трио бұл тарихи сахнада алғаш рет 2019 жылы өнер көрсеткен болатын. Ортағасырлық өнер орталығында «FORTE TRIO» әлемдік классика шығармаларын және қазақтың «Япурай» туындысын орындады. 1903 жылы негізі қаланған «Делла Скрана» – Форли қаласында және Италияның Эмилья Романья аумағындағы ең танымал өнер ошақтарының бірі.

«FORTE TRIO» – белгілі пианист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Тимур Урманчиевтің бастамасымен құрылған ерекше ансамбль. Бұдан бұрын фортепиано, скрипка мен виолончель аспаптары үйлесім тапқан музыкалық ұжымдар елімізде болмаған. «Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» ұйымының құрамында өнер көрсететін «FORTE TRIO» Қазақстан мәдениетін халықаралық деңгейде насихаттайтын үздік камералық ансамбльге айналды. Париж, Рим және Берлин сынды әлемдік мәдениет орталықтарымен қатар,

«FORTE TRIO» – Италияда



трионын гастрольдік картасында Антигуа мен Барбуда сияқты экзотикалық мемлекет бар.